№49-50
(7786-7787)

10 желтоқсан,
Сейсенбі,
2019 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады.

16 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ҚАЗЫБАЕВ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫНЫҢ АУДАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті ойылдықтар!
Ардақты ағайын!

Баршаңызды еліміздің ұлы мерекесі – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздігіміздің ширек ғасырдан астам уақыты – тарихи өлшеммен салыстырғанда аз ғана уақыт болып саналғанмен, қазақ елі шежіресінің алтын жылнамасы маңызды оқиғалар мен жемістіктерге толы болды.

Осыдан 28 жыл бұрын Кеңес Одағы ыдырап, халық әрі-сәрі күй кешкен өтпелі шақта, Қазақстанды аяғына тік тұрғызып, әлемдік қауымдастықтан өз орнын алатын мемлекет ете алатын Тұлға керек болды.

"Ұлылар – екі қәуір алмасқанда туады" дегендей, сонау жауапты шешуші кезеңде ел аманатын арқалаған Елбасының рөлі тарихта мәңгі қалары анық!

Тәуелсіздіктің алғашқы күнінде бітпестей болып көрінген әлеуметтік-экономикалық проблемалар өте көп еді.

Жас мемлекет ретінде танылған еліміз – алдына стратегиялық жоспарларды басты бағдар етіп, саясі тұрақтылықты сақтай отыра, қалыптасудың барлық қиындықтарын жеңіп, әлеуметтік-экономикалық дамудың әрі қарай жоғары қарқында өсуіне қол жеткізді.

Осылайша, бұрын бізге күмәнмен қараған елдер бүгінде бізді тең санап, толыққанды мемлекет ретінде мойындауда.

Бұл – ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыздың осынау табысы, еліміздің қарқынды дамуы тұрақты саясат пен ішкі бірліктің арқасы, мемлекетіміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабдал саясатының жемісі екендігін жақсы біліміз.

Тәуелсіздік экономикаға да, ғылым мен білім, мәдениет пен өнер, спорт пен денсаулық сапасына да, тіпті, әр адамның жеке өмірінде түбегейлі өзгерістер әкелді.

Халықаралық саясат пен әлемдік өркениетте Қазақстан өзінің лайықты орнын иеленді.

Ең бастысы, халықтың рухы көтеріліп, мемлекетіміздің мерейі асты, кемел келешекке деген кәміл сенім ұялады.

Елбасының «Тәуелсіздікке қол жеткізу қиын, ал оны сақтап қалу одан да қиын деген» сөзі бар. Сондықтан тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтап, елдігімізді тұғырлы ету – әрбір азаматтың борышы.

Қымбатты ойылдықтар!

Баршаңызды қасиетті мерекемізбен құттықтаймын! Сіздерге және отбасыларыңызға денсаулық, бақыт, берекі тілеймін.

Тәуелсіздік толғауы ұрпақтың жадында жаңғырып, Тәуелсіздік рухы әрбір азаматтың жүрегінде тербелсін!

Көк байрағымыз көгіміздегі желбіреп көрсін! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы болсын!

Мерекі құтты болсын ағайын!

Құрметпен,
Ойыл ауданының әкімі А. Қазыбаев

СУБСИДИЯ ҚАРЫЗДАРЫ ӨТЕЛЕДІ

Мемлекет шаруаларға мал шаруа-шылығын субсидиялау бойынша 36,8 млрд теңге берешек. Бұл туралы өткен аптада Үкімет отырысында ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров айтқан еді.

«Үкіметтің инвестициялық субсидиялар бойынша 28,5 млрд теңге сомасындағы борышты жабуға қолдау көрсеткеніне алғыс білдіргім келеді. Сонымен қатар, бізде мал шаруашылығын субсидиялау бойынша 36,8 млрд теңге сомасында берешек бар», - деді Сапархан Омаров. Сондай-ақ, министр инвестициялық субсидиялар бойынша 11,7 млрд теңге сомасындағы борыш қалдығы бар екендігін атап өтті. Осы субсидияларға деген қосымша қажеттілік бірнеше жылдан бері жылдан жылға созылып келеді.

Міне, қуанышты хабар. Жуырда Үкімет бүгінгі күнге дейінгі субсидия бойынша берешекті түгел өтеуге ұмтылып отыр. Әрине, бизнес өкілдері жоспарларын осы субсидияларға арқа сүйей отырып, агроөнеркәсіптік кешенге инвестиция салды. Сондықтан, шаруалар құжаттарын тездетіп реттеп, 20 желтоқсанға дейін тиісті орындарға тапсыруы керек.

Газетіміздің келесі саны 20 желтоқсан жұма күні жарыққа шығады

КӨШПЕЛІ СЕМИНАР КӨП СЫЙ ҰСЫНДЫ

«Қазақстандық кәсіподақтар - тұрақтылық тірегі, әлеуметтік-еңбек қатынастарының арқауы» - деп Елбасы атап көрсеткендей, қай қоғамда да өзіндік атқарар орны бар кәсіподақ ұйымы бүгінде заман талабына сай ізденістер үстінде. Сол ізденістің куәсі – халықпен тікелей жүздесіп, талап-тілегіне құлақ түру. Өйткені, кәсіподақ –қоғам дамуының ажырамас бөлігі.

Кеше аудандық мәдениет үйінде «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен «Жаһандану жағдайында білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы жұмысының өзектілігі» атты көшпелі семинары өтті. Семинар жұмысына Ақтөбе облысындағы аудандардағы филиалдарының төрағалары мен «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Айгүл Мұқашева, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Раушан Серікова, ауданы әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев және Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Гүлмира Избагамбетова мен аудандағы салалық кәсіподақ ұйымының мүшелері қатысты. Көшпелі семинардың шымылдығын ашқан «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Раушан Серікова жалпы облыстағы жұмысты саралап, оның ішінде Ойыл аудандық филиалының жұмысын жоғары бағалап, мүшелерінің белсенділігін атап өтті. Сонымен қатар, өздері тарапынан жасалған ұсыныстілектер мен мұғалімдердің мүддесін қорғауға бағытталған жұмыстары үшін ауданның атқарушы билігіне де алғыстарын білдірді. «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Айгүл Мұқашева осы қызметке жуырда тағайындалғанын және іссапарын өзінің туған өлкесінен бастап тұрғанын мақтанышпен жеткізіп, кәсіподақ ұйымының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірді. Ал, өңгімесін «Педагог мәртебесі» туралы заң жобасына бұрғанда тереңнен толғады. Аталған заң жобасын әзірлеуге, оны одан әрі Мәжілісте қарастыру үшін құрылған жұмыс топтарының мүшесі ретінде ұстаздар қауымына кейбір мәселелерді жан-жақты түсіндірді. Яғни, Мәжілістегі Заң жобасын талқылау кезінде 5 баптың мазмұны түбегейлі өзгеріпті. Нәтижесінде, «Педагогикалық әдеп және педагогтың анты» деп аталатын баптың «Педагогтың анты» деген бөлігі алынып тасталыпты.

Ал, аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев аудандағы білім саласына жасалып жатқан мүмкіндіктер туралы айтса, семинар барысында сөз алған «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің заңгері Райхан Қыдырбаева мұғалімдердің сауалдарына жауап берді. Семинар соңы кәсіподақ мүшелеріне құрметке ұласты. Яғни, Айгүл Мақсатқызы Ойыл аудандық білім бөлімі басшысының орынбасары Сәндігүл Өткелбаева мен Қарасу негізгі мектебінің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы, дене шынықтыру пәні мұғалімі Жаңабай Қалиевтардың кеудесіне «Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін тақса, Ойыл қазақ орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі Мақсат Сұлтанов, Қараой мектеп балабақшасы шаруашылық меңгерушісі Бибігүл Құлекешова, Амангелді орта мектебінің әлеуметтік педагогі Гүлжанат Ахметова мен Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы директорының тәрбие ісі

жөніндегі орынбасары Гүлназ Сағатоваларға Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Құрмет грамотасын тапсырды.

Ал, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Раушан Серікова Ж.Жүсібалиев атындағы қазақ орта мектебі директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Гүлдәрі Есенова, Сапақкөл орта мектебінің алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Сембай Абдрахманов, Аудандық оқушылар үйінің жұмысшысы Аршат Төреғалиев, Жамбыл мектеп балабақшасының жұмысшысы Аманжан Қайырғазин мен «Жолшы» бөбекжай бақшасының шаруашылық меңгерушісі Нұрсұлу Құрманғалиева Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымының Құрмет грамотасы мен сыйақы сертификатын тапсырып, олардың ішінде Мақсат Сұлтанов пен Сембай Абдрахмановқа шипажайға жолдама берді.

Бұл кездесу – кәсіподақтың еңбек адамдарының мұң-мұқтажын, мүдделерін, еңбек құқығының бұзылмауын қадағалап, оған әлеуметтік- экономикалық қолдау көрсететін басты ұйым екенінің дәлелі болса, елімізде болып жатқан түрлі жетістіктер мен жақсылықтарда кәсіподақ ұйымдарының қосып жатқан үлесіне де көз жеткіздік. «Еңбек адамына – лайықты өмір» кәсіподақ ұйымының басты қағидасы екенінің айғағы да осы.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНІҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

ЖУЫРДА АУДАНЫМЫЗҒА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ, «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІНІҢ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЛАШ» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ, КӨПТЕГЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МҮШӘЙРАЛАР МЕН БАЙҚАУЛАРДЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ, АҚЫН ЕРТАЙ АШЫҚБАЕВ КЕЛДІ. АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ АУДАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСІП, ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ӨНЕР ЖОЛЫНАН СЫР БӨЛІСТІ. АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНА ҰЖЫМЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫ БОЛУЫМЕН ӨТКЕН ШАРА ШАҚЫРЫЛҒАН ҚОНАҚТАРЫ МЕН ӨЛЕҢГЕ СУСАҒАН ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ БІР СЕРПІЛТТІ.

Кездесу кешінің шымылдығы Ертай Ахатұлының өнер жолындағы әртүрлі кездесулермен бірге артында өлмейтін мұра боп қалған кітаптары тізбектелген бейнебаянмен түрілді. Одан кейін мектеп оқушылары ақын ағамыздың алдында оның өлеңдерін жатқа оқыса, аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары оның сөзіне жазылған әндерді тарту етті. Өзінің өлеңдерін оқыған өрендерге ризашылық ілтипатын білдірген ақын өзі де сағыныш сезімі тұнған ой салар бірнеше өлеңдерін оқып берді. «Елге сәлем» атты кездесу кешінде ақынға көрермен тарапынан бірнеше сұрақтар қойылып, ашық сұхбат болды. Тарқатып айтсақ, ақын ағамызға көрермен тарапынан *«Кейінгі жас буын жазып жүрген поэзияның сапасы қандай?, Жабық байқау қалай өтеді?, Проза жазып көрдіңіз бе?, Ақын ретінде қазақтың болашағына көзқарасаңыз қалай?»,* деген сауалдар қойылды. Бірінші сауал бойынша *«Біз мән беріп қарасақ, қоғамдық өмірде өзгеріс болған уақытта барлығы да өзгереді. Ғылым да, техника да, музыка да, әдебиетте өзгеріп отырады. Өйткені еш нәрсе бір орнында тұрмайды. Әрдайым дамумен болады. Оның ішінде әдебиетке қатысты айтсақ, XX ғасырдың басында Мағжан Жұмабаев бастаған көптеген ақындар Еуропа дәрежесінде үлгі алған жаңа буын келді. XXI ғасырда қазақ әдебиеті жаңа бір белеске көшті. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін көркем әдебиеттің қайсын оқимын десең де мүмкіндік туды. Қазіргі әдебиет пен бұрынғы әдебиетті салыстыруға да келмейді. Қазіргі жастарымыз мүлде басқаша формада жазылып, басқаша ойлар айтылады. Сонымен бірге шетел әдебиеттеріне еліктеп, сол ыңғайда жазуға көшті. Бірақ та, ол кейінге қала ма, қалмай ма белгісіз. Өйткені басқа елге ерген әдебиет әрі-беріден кейін өзінің құндылығынан ажырап қалады. Жазылған өлеңнің ішінде қазақтың сезімі болмаса, оны жеткізе алмаса, онда өлең халыққа түсініксіз болады. Шетел әдебиеттерін оқыған дұрыс. Бірақ жастарға айтарым тәжірибемен шыңдалған озады. Біздің тамырымыз мықты. Оған күмән келтіруге болмайды»* - деп жауап берді. Келесі сауал бойынша өткен шақпен сыр бөліскен Ертай ақын ол кездердегі жабық байқау әділ өтетін болған. Жабық байқаулардың талай рет жүлдегері атанған ақын ағамыз студент кезінде «Жалын» баспасы ұйымдастыратын жабық байқауға қатысып III орын алған. Расымен де студенттің атақты ақындармен бірге байқауға қатысып үшінші орын алуы сенсациялық оқиға. Ал, проза жазу бойынша бар шындығын жасырмай, аталған жанр бойынша бір-ақ рет қалам тербегенін айтты. Әзірге поэзияның жалауын желбіретіп жүрген ақын *«алдағы уақытта проза жазу, жазбауым белгісіз»* - дейді. Шынымен де шығармашылық адамы үшін кез келген шығарманы жайшылықта жаза салу деген болмайды. Соңғы сауал бойынша әдебиет саласында орны бөлек тұлға ретінде еліміздің болашағына нық сеніммен қарайтындығын ашық айтты. *«Қазір еліміз ең жас мемлекеттердің қатарында. Сондықтан қоғамдағы болып жатқан оқиғалардың орын алуы тосыннан болатын нәрсе емес. Солай болуы заңдылық. Еліміз етек-жеңін жиып алпауыт елдердің алдыңғы қатарына шығу үшін бізге уақыт керек. Әр қазақ ұлтым деп еміреніп елге қызмет қылуын тоқтатпай, алауыздықты тиып, бітімгершілікпен өмір сүрсе, әрине біздің болашағымыз жарқын болары сөзсіз»* - деді. Сондай-ақ атап өтсек, әдебиет әлемінде балаларға арнап өлең шығару оңай нәрсе емес. Бір-ақ мұндай қасиет Ертай Ашықбаевтың бойына қонған қасиеттің бірі еді. Алайда оның айтуынша адамға аз ғана талант беріледі. Оны ары қарай дамыту үшін үнемі ізденіс үстінде жүр керек.

Айтулы кеште бірнеше кітаптың авторы Ертай ағамызды жиылған көпшілік, әсіресе кейінгі жас буын сан ғасырлық тарихы бар Ойылға жат еместігін жүректен туған өлеңдері арқылы білді. Расында Темір ауданының Бабатай ауылында дүниеге келген өлеңнің өр тұлғасы іргелес жатқан қос ауылдың маңдайына біткен әдебиет әлеміндегі жарық жұлдызы десек артық айтқандық болмас. Сондықтан ақынның өр өлеңін ыстық ықыласпен бар зейінін салып тыңдаған қалың жұртшылық ыстық қошеметін аямаса, аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев аудан әкімдігі атынан шапан жауып, сый-сыяпатын табыстады.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ (МӘМС) – БҰЛ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МҮДДЕЛЕРДІ ҚОРҒАУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖҮЙЕСІ.

МӘМС ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ САҚТАНДЫРЫЛҒАН АЗАМАТТАРЫНА ЖЫНЫСЫНА, ЖАСЫНА, ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕСІНЕ, ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІНЕ, ТАБЫСЫНА ҚАРАМАСТАН, ТЕҢ ДӘРЕЖЕДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ДӘРІЛІК КӨМЕКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ – БҰЛ ТҰРҒЫНДАРДЫ АУРУ, ЖАРАҚАТ, ЖҮКТІЛІК, БАЛА ТУУ, МҮГЕДЕКТІК, КӘРІЛІК ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ҮЛГІСІ.

КӨПТЕГЕН ДАМЫҒАН ЕЛДЕР ТҰРМЫСЫ ТӨМЕН, КӨМЕККЕ МҰҚТАЖ АДАМДАРҒА РЕСУРСТАРДЫ ҚАЙТА БӨЛУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕТІН МӘМС ЖҮЙЕСІН ТАҢДАҒАН.

Халықаралық тәжірибе

Қазақстанда міндетті медициналық сақтандыру үлгісін таңдау барысында 50-ден астам елдің тәжірибесі зерделенді.

Бүгінде бүкіл әлем денсаулық сақтауды қаржыландырудың үш негізгі үлгісін қолдануда: бюджеттік, сақтандыру және аралас.

Бюджеттік үлгі Ұлыбритания, Испания, Италия, Швеция сияқты елдерде қолданылады.

Әлеуметтік сақтандыру Германия, Франция, Бельгия, Корея, Жапония, Словакия мен Шығыс Еуропаның бірқатар мемлекеттерінде, жалпы 30-ға тарта елде бар, ал жеке сақтандыру АҚШ-та қолданылады. Бірақ, көптеген елдер тиімділігі дәлелденген бюджеттік және сақтандыру үлгілерін аралас түрде қолданады.

Қазақстан үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып, медициналық сақтандырудың аралас моделін енгізетін болады.

Бұл:

· Денсаулық сақтау саласының қаржылық тұрақтылығын,

· Медициналық қызметтердің жоғары сапасы мен қолжетімділігін,

· Медициналық көмектің кең ауқымды пакетін қамтамасыз етеді.

Басқа елдермен салыстырғанда Қазақстанда медициналық сақтандыру қоры аударымдарының көлемі бойынша ең қолайлы жағдай жасалған.

«Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласына қатысты бірқатар заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына сәйкес (Парламентке енгізілу жоспарланып отыр) медициналық сақтандыру мәселелері бойынша келесі жарналар мен төлемдер қарастырылған:

- жұмыс берушілер: 2017 жылдың 1 шілдесінен-1% ;2018 жылдан бастап -1,5%,2020 жылдан бастап

*- 2% , 2022 жылдан бастап -**3%**;*

- жұмыскерлердің жарнасы: 1% - 2019 жылдан бастап, 2020 жылдан

*- **2%**;*

*- жеке кәсіпкерлердің, жеке нотариустардың, келісім-шарт бойынша табыс табатын жеке тұлғалардың жарнасы – 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап табысына қарай, бірақ ең төменгі 2 жалақының **5%-нан кем емес**;*

-жұмыс күшіне жатпайтын тұлғалар үшін (өзін-өзі өнімсіз еңбекпен қамтығандар) жарна көлемі – 2018 жылдың 1 қаңтарынан ең төменгі 1 жалақының 5%-ы;

- мемлекет халықтың осал топтары үшін 2018 жылғы қаңтардан – 3,75%, 2019 жылдан -4%, 2022 жылдан -4,5 %. .

Бұл мәселелер міндетті сақтандыру жүйесінде қалай шешіледі?

· Әлеуметтік әділеттілік пен ортақ жауапкершілік – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың (МӘМС) негізгі қағидаттары. Ендігі кезекте әрбір азаматтың денсаулығы үшін жауапкершілік адамның өзіне, жұмыс берушісіне және мемлекетке жүктеледі. Қаржы шығындары да ортақ жауапкершілік қағидатымен, «мұқтаждығы аз адамдар көмекке зәру адамдарға төлейді» қағидатымен бөлінеді.

· МӘМС жағдайындағы ортақ жауапкершілік қағидаты барлық сақтандырылған азаматтарға табыс пен төлем көлеміне қарамастан, сапалы медициналық көмекке қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Әрбір азамат өзі емделетін медициналық жеке немесе мемлекеттік ұйымды таңдай алады. Ауруханалар мен емханалар пациент үшін бәсекеге түсіп, медициналық қызмет сапасы мен дәрігерлердің біліктілігін көтеруге мүдделі болады.

· Денсаулық сақтау саласын қаржыландыру жарналық төлемдер есебінен өсіп, медициналық көмектің ұлғайып келе жатқан шығындарын өтеуге мүмкіндік береді.

· Әлеуметтік сақтандыру қоры жоғары сапалы мердігерлерді таңдайтын болады. Медициналық қызмет сапасы Қор тарапынан күнделікті бақыланып отырады. ӘМСҚ ең үздік мердігерлер рейтингін анықтап, оны баспасөз бен порталдарда жариялап отырады.

· МӘМС-тің енгізілілгеннен соң, жалпы практика дәрігерлерінің саны 1,8 көбейіп, әрбір дәрігердің жүктемесін 1500 адамға төмендетуге мүмкіндік береді (қазір әрбір жалпы практика дәрігеріне 2140 адамнан келеді). Бұл кезектерді азайтып, қабылдау мен науқастарды емдеу сапасын арттырады.

· Амбулаторлық дәрілік қамтамасыз ету (АДҚ) көлемін арттыру көзделіп отыр, аталған бағыттағы жан басына шаққандағы шығынның өсуі ықтимал. Сонымен қатар, амбулаторлық дәрілік қамтамасыз етуге мұқтаж тұлғалар ауқымы мен жиі кездесетін ауруларға бөлінетін дәрілік заттар тізімі артады.

Сонымен бірге, Медициналық сақтандыру қоры төлемдерінің ұлғаюымен қатар, медициналық қызметтер көлемін артатын болады. Бұл – жаңа мердігерлерді тарту арқылы кезектерді азайтуға мүмкіндік береді.

Міндетті медициналық сақтандырудың негізгі артықшылықтары:

Аз қаражатпен МӘМС шеңберінде қызметтердің толық пакетін алу!

Міндетті медициналық сақтандыру жүйесі қалай жұмыс істейді?

МӘМС мемлекеттің, жұмыс берушінің және әрбір адамның ортақ жауапкершілігіне негізделген. Мемлекет халықтың экономикалық белсенді емес азаматтарына жарна төлейді (тізімі төменде). Жұмыс берушілер – жалдамалы жұмыскерлерге, жұмыскерлер мен салық органдарында тіркелген өз-өзін жұмыспен қамтушы азаматтар – өздері үшін жарна төлейді. Осылайша, «сен бүгін басқаларға, ертең олар саған көмектеседі» деген ортақ жауапкершілік қағидаты бойынша, көмекке мұқтаж адамдарға мұқтаждығы төмен азаматтардың есебінен қызмет көрсетіліп, қаржыны тиімді бөлуге мүмкіндік береді. Медициналық сақтандыру қорына жарналар енгізу арқылы, сіз қабылдаудан бастап дәрігердің толыққанды тексерулеріне дейін және МӘМС пакеті шеңберінде қымбат операцияларға, кез-келген емханада медициналық қызметтердің барлық түрлеріне қол жеткізе аласыз;

Барлығы айқын түрде болады!

Сақтандырылған азамат электрондық денсаулық сақтау кабинетіндегі жеке парақшасына кіріп, көрсетілген медициналық қызметтер, денсаулық жағдайы, төленген жарналар туралы ақпаратпен таныса алады.

МӘМС-ті таңдау – тұрғындардың қажеттіліктеріне жауап беретін заманауи қолжетімді медицинаға жол ашады.

Міндетті медициналық сақтандыру жүйесі қалай жұмыс істейді?

Егер азаматқа жарна аударылатын болса, ол автоматты түрде сақтандырылған болып саналады. Осылайша, ең төменгі деңгейде жарналық аударымдар жасай отырып, азамат медициналық қызметтің бүкіл пакетін, оның ішінде қымбат қызметтерді пайдалануға мүмкіндік алады. Қор өз кезегінде тиісті талаптарға сәйкес келетін медициналық қызметтер көрсетуші мердігерлермен келісім-шарт жасап, медициналық қызмет сапасын қатаң бақылайды.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру Қоры келесі функцияларды атқарады:

· Тегін **м**едициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) аясындағы медициналық қызметке төлем жасау жөніндегі қаржылық оператор.

· МӘМС аясындағы медициналық қызметтер пакетінің стратегиялық сатып алушысы.

Есте сақтаңыз!

Қор әрдайым сақтандырылған азаматтар-медициналық көмекке жүгінушілердің мүддесін қорғайды.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушы барлық азаматтардың аударған қаржылары Әлеуметтік медициналық сақтандыру Қорында (МӘМС) жинақталады.

Қор медициналық қызмет көрсетуші мердігерлерге жасалған келісімнің шарттарына сәйкес ақы төлейді. Медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін жеке табыстары мен қорда жинақталған жарнасының көлеміне төуелсіз қызметтер бірдей қолжетімді болады.

МӘМС жүйесінде сақтандырылған азаматтар қандай медициналық көмекке жүгіне алады?

· Алғашқы медициналық-санитарлық көмек амбулаторлық және стационарлық жағдайда тегін көрсетіледі. Оған профилактика, диагностика, аурулар мен жағдайларды емдеу, жүктілікті бақылау, медициналық манипуляциялар кіреді.

· **Мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмекке** арнайы әдістерді қолдануды және күрделі медициналық технологияларды қажет ететін профилактика, диагностика және емдеу шаралары кіреді.

· **Жедел медициналық көмек** шұғыл және күттірмейтін жағдайларда медициналық ұйымдардан тыс, ал шұғыл медициналық араласуды қажет ететін жағдайларда (келеңсіз жағдайлар, жарақаттар, улану, күрделі науқастардың кенеттен асқынуы) амбулаторлық немесе стационарлық жағдайда көрсетіледі.

· **Жоспарлы медициналық көмек** стационарлық жағдайда пациенттің өміріне қауіп төндірмейтін аурулар кезінде көрсетіледі.

· **Дәрілік қамтамасыз ету –** амбулаторлық-емханалық көмек көрсету кезінде.

· **Мейірбикелік күтім –** ауру салдарынан өз-өзіне қызмет ете алмайтын, бөгде адамның өрдайым күтіміне немесе қарауына мұқтаж тұлғаларға.

· **Паллиативтік көмек –** жазылмайтын, өміріне қауіп төндіретін, ауру барысы ауыр науқасқа шалдыққан пациенттің өмір сапасын барынша жақсартуға бағытталған.

Есте сақтаңыз!

Мемлекет келесі медициналық қызмет түрлерін тегін қамтамасыз етеді:

· Жедел медициналық көмек пен санитарлық авиация:

· Әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу барысындағы медициналық көмек (қатерлі ісік аурулары, туберкулез, қант диабеті және т.б.) және шұғыл жағдайларда.

· Профилактикалық вакциналау.

МӘМС жағдайында дәрілік қамтамасыз ету қалай жүргізіледі?

Амбулаторлық-емханалық деңгейде дәрілік қамтамасыз ету дәрігер жазған рецепттің негізінде, бекітілген дәрілік заттар тізіміне сәйкес жүргізіледі. Тізім 47 науқас бойынша дәрілік қамтамасыз етуді қарастырған.

Стационар жағдайында дәрілік қамтамасыз ету бекітілген Дәрілік формулярларға сәйкес жүргізіледі.

Қор активтерін сақтауды қамтамасыз ету

· Мемлекет Қор активтерін сақтауға кепілдік береді.

· Қор активтерін сақтау келесі төртіпте қамтамасыз етіледі:

· Қор қызметін реттеуді Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан Қордың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен шектеулер қою арқылы;

· Инвестициялық операцияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы жүргізу;

· Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы Қор активтерін инвестициялық басқару бойынша барлық операцияларын есепке қою;

· Қордың өз қаржылары мен активтерінің есебін жеке бөліп жүргізу;

· Жыл сайын тәуелсіз аудит өткізу;

· Қордың Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес бекітілген бухгалтерлік және қаржылық есеп беру тәртіперіне сәйкес есеп беруі;

· Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан Қор активтерін инвестициялайтын қаржы құралдарын анықтау.

· **Мемлекет Сіз үшін келесі жағдайларды төлем жасайды: егер мына санаттардың біріне кіретін болсаңыз, автоматты түрде медициналық сақтандыру қорының қатысушысы боласыз:**

1) балалар;

2) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналар;

3) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оның мүгедектері;

4) мүгедектер;

5) жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар;

6) интернат ұйымдарында білім алып және тәрбиеленіп жатқан адамдар;

7) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ резидентура нысанындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында білім алып жатқан адамдар;

8) бала (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты, бала (балалар) үш жасқа толғанға дейін оның (олардың) күтіміне байланысты демалыста жүрген адамдар;

9) жұмыс істемейтін жүкті әйелдер, сондай-ақ бала (балалар) үш жасқа толғанға дейін оны (оларды) іс жүзінде тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін адамдар;

10) зейнеткерлер;

11) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде (қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерді қоспағанда) сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрген адамдар;

12) уақытша ұстау изоляторларындағы және тергеу изоляторларындағы адамдар.

Бұған қоса, әскери қызметкерлер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері; құқық қорғау органдарының қызметкерлері жарна төлеуден босатылады, алайда олар ведомстволық жүйе мекемелерінде медициналық қызмет ала алады.

Міндетті медициналық сақтандырудың мерзімінің өзгеруіне байланысты не білу керек?

2016 жылдың 22 желтоқсанында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы бірқатар заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды.

· *Аталған құжатқа сәйкес, мемлекеттің Қорға төлем жасауы 2017 жылдың 1 шілдесінен 2018 жылдың 1 қаңтарына шегерілді.*

· Жұмыс берушілердің, жеке кәсіпкерлердің, жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың, жеке медиаторлардың, азаматтық-құқықтық сипаттағы келісімдер бойынша табыс табатындардың жарна төлеу мерзімі 2017 жылдың 1 қаңтарынан 2017 жылдың 1 шілдесіне дейін шегерілді. Жалдамалы жұмыскерлердің Қорға жарна төлеу мөлшері бұрынғыша 2019 жылдан жүзеге асады.

· Жеке тұлғалардың ӘМСҚ аясында медициналық көмек алуға құқы, денсаулық сақтау ұйымын таңдау құқығы, ӘМСҚ жүйесі аясында алатын медициналық көмек ауқымын анықтау 2018 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енеді.

Бұл уақыт ішінде Қор құрылып, оның филиалдары ашылады, денсаулық сақтауға кететін шығындар республикалық деңгейде шоғырланады және Қор медициналық және фармацевтикалық қызметтерді сатып алу бойынша біріңғай стратегиялық сатып алушы ретінде жұмыс істейді.

· *Өзін өзі жұмыспен қамтушы азаматтардың жарнасы 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап республикалық бюджетте тиісті қаржы жылына белгіленген екі ең төменгі жалақы мөлшерінен 5%-ды құрайды. Өзін- өзі жұмыспен қамтушылар қатарына Заң бойынша жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылар, адвокаттар, кәсіби медиаторлар, азаматтық-құқықтық сипаттағы келісімдер бойынша табыс табатын жеке тұлғалар жатады.*

Сақтандыру аударылымдары мен жарналары Қорға келесі табыс түрлерінен ұсталмайды:

· іссапарлар және жұмыстың жол жүру сипатына арналған өтемақы;

· қызметкерлердің далалық жабдықталым ақшасы;

· Бюджет қаржысынан жұмыскерлердің жол шығындары, олардың оқуына, жөрдемақыларына жұмсалған қаржылар, өтемақылар;

· оңалтуға арналған демалысқа төлем, денсаулық сақтау қызметтеріне ақы төлеуге төлемдер, 8 ең төменгі жалақы (ЕТЖ) мөлшері шеңберіндегі баланың тууына байланысты, жерлеуге байланысты төлемдер.

· Шәкіртақылар.

· Сақтандыру сыйақылары.

Егер жарна төлемесеңіз не болады?

· Сіздің жұмыскеріңіз медициналық көмекке жүгіне алмайды, бұл оның тарапынан наразылық тудыруы мүмкін.

· Егер «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес жүктелген жауапкершілікті орындамасаңыз, Сізге айыппұл салынуы мүмкін;

· Сіз Қазақстан Республикасының өкімшілік құқық бұзушылық туралы заңы бойынша жауапкершілікке тартыласыз, бұл тұрғыда да айыппұл салынуы мүмкін.

Сіз келесі жағдайларда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қызметіне қоғамдық бақылау жасауға қатыса аласыз:

· Қоғамдық бақылау комиссиясының мүшесі болсаңыз – қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету үшін;

· Кәсіби қауымдастықтың мүшесі болсаңыз – стандарттарды қарастырып, тарифтерді бекітуге қатыса аласыз.

!!! ***Жұмыс берушілер ай сайын әрбір қызметкер үшін аударылған жарналарды бастапқы кезеңнен бастап есепке алып, әрбір есептік айдан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей, жарна төленген қызметкерлерге аударылған қаржы туралы есеп беріп отыруы тиіс.***

Жарналар/жарналарын есептеу үшін алынатын орташа айлық кіріс көлемі 15 ең төменгі жалақыдан аспауы тиіс. Барлық жарналар табыс төленген есепті айдан кейінгі айдың 25-нен кешіктірілмей аударылуы тиіс.

Жұмыссыздар үшін:

· Сізге жұмыс беруші медициналық сақтандыруға жарналар төлеу үшін жұмыс табу қажет;

· Егер сіз өздігіңізден жұмыс таба алмасаңыз , онда сіз жұмыспен қамту орталықтарына баруыңыз керек, ол жерде сізге жұмыс ұсынады, немесе жұмыссыз ретінде тіркейді, бұл жағдайда сіз үшін мемлекет үшін төлейтін болады.

Жеке кәсіпкерлер, патент бойынша жұмыс істейтін тұлғалар, шаруа қожалықтарының жұмыскерлері, базарлардағы сатушылар

Жеке кәсіпкерлердің, жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың, кәсіби медиаторлардың жарналары төлеу мен есептеулері қорының шотына мемлекеттік корпорация арқылы қаражатты тікелей аудару арқылы өздігінен жүзеге асыратын болады:

· салық салудың жалпы бекітілген режимін пайдаланушы жеке кәсіпкерлер – есепті айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей;

· Жеке кәсіпкерлерге өз пайдасына – есептік айдан кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей;

· арнаулы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалықтары – Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде(10 сәуір және 10 қараша);

· Патент негізінде арнайы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлер үшін – Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасында көрсетілген патент құнын төлеуге белгіленген уақытта.

Жарна төлемесеңіз не болады?

Сіз МӘМС жүйесіне қатыса алмайсыз және медициналық сақтандыру жүйесі аясындағы медициналық көмекке жүгіне алмайсыз.

Алайда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне пайдалана аласыз**. Оған:**

· Жедел-жәрдем мен санитар-лық авиация;

· Әлеуметтік маңызы бар аурулар мен шұғыл жағдайлардағы көмек;

· Профилактикалық вакциналау;

· 2020 жылға дейінгі амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтуы қарастырылған амбулаториялық-емханалық көмек.

Басқа медициналық қызметтер ақылы түрде жүргізіледі.

Медициналық сақтандыру қорына кім, қанша төлейді?

- жұмыс берушілер аударымдары:

***1%** - 2017 жылдың шілде айынан бастап, 1,5% - 2018 жылдан, 2%*

*- 2020 жылдан, **3%** - 2022 жылдан;*

- жұмыскерлер жарналары: 1%

*- 2019 жылдан, **2%** - 2020 жылдан;*

*- жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, келісімшарт бойынша табыс табатын жеке тұлғалар жарналары – табыстан, бірақ **2 ЕТЖК 5%**-нан кем емес, 2017 жылдың шілде айынан бастап (ай сайын 2445 теңге);*

*- жұмыс күші құрамына кірмейтін (белсенді емес тұрғындар) адамдардың жарна мөлшерлері – **1 ЕТЖК 5%** 2018 жылдың қаңтар айынан бастап (ай сайын 1414 теңге);*

*- мемлекет әлеуметтік қорғалмаған тұрғындар санаты үшін аударатын болады: 3,75% - 2018 жылдың қаңтар айынан бастап, 4% - 2019 жылдан, **4-5 %** - 2022 жылдан;*

- дипломатиялық және соған теңестірілген шет мемлекеттердің өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында тіркеуден (аккредитация) өткен шет мемлекеттердің консулдық мекемелерінде жұмыс істейтіндер 2017 жылдың 1 шілдесінен аударылған табысының 5 пайызын;

- халықаралық және мемлекеттік ұйымдарда, шетелдік және қазақстандық үкіметтік емес қоғамдық ұйымдарда мен қорларда (халықаралық келісімшарттарға сәйкес салық агенттері болып табылмайтын) жұмыс істейтін тұлғаларға келсек, олар да 2017 жылдың 1 шілдесінен табысының 5 пайызын;

- Қазақстан азаматтары ҚР аумағынан сыртқа, шетелге шыққан жағдайда, егер ол тұрғылықты өмір сүруге кетпеген болса, 2018 жылдың 1 қаңтарынан төменгі айлық жалақының 5 пайызы мөлшерінде (1414 теңге) жарна төлейді.

*Мемлекет **ТЕГІН** медициналық көмектің мынадай түрлеріне кепілдік береді:*

· Жедел жәрдем және санитарлық авиация;

· Әлеуметтік маңызы бар аурулар кезінде (онкологиялық аурулар, туберкулез, қант диабеті, психиатриялық және т.б.) және шұғыл түрде көрсетілетін медициналық көмек;

· Профилактикалық егулер.

А.Тілепбергенова,
Ойыл аудандық ауруханасының СӨСҚ маманы.

Ақтөбе облыстық Әділет департаментінде
2019 жылғы 18 қарашада № 6469 болып тіркелді

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

13 қараша 2019 жыл № 349 Ойыл селосы

Ойыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы №251 «2019-2021 жылдарға арналған Саралжын ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ойыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы №251 «2019-2021 жылдарға арналған Саралжын ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-11-158 тіркелген, 2019 жылғы 22 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер

«54 357» сандары «53 357» сандарымен ауыстырылсын;

оның ішінде:

трансферттер түсімі

«52 537» сандары «51 537» сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар

«54 954,9» сандары «53 954,9» сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Ойыл аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ойыл аудандық мәслихатының сессия төрағасы: А.К.Мамбетова

Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы: Е.Ж.Жиеналин

Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы
13 қарашадағы № 349шешіміне қосымша
Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы
4 қаңтардағы №251 шешіміне 1 қосымша

2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГ БЮДЖЕТІ

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			1. Кірістер 53357,0	
1			Салықтық түсімдер 1524,0	
	01		Табыс салығы 650,0	
		2	Жеке табыс салығы 650,0	
	04		Меншікке салынатын салықтар 874,0	
		1	Мүлікке салынатын салықтар19,0	
		3	Жер салығы 75,0	
		4	Көлік құралдарына салынатын салық 780,0	
2			Салықтық емес түсімдер 296,0	
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер 276,0	
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер 276,0	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер 20,0	
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер 20,0	
4			Трансферттердің түсімдері 51537,0	
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер 51537,0	
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер 51537,0	

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				II. Шығындар	53954,9
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	20129,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	20129,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	20129,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19029,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1100,0
04				Білім беру	30324,0
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	30324,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	30324,0
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	30324,0
07				Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	3044,9
	3			Елді-мекендерді көркейту	3044,9
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3044,9
			008	Елді-мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1600,0
			009	Елді-мекендердің санитариясы нқамтамасыз ету	380,0
			010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	70,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	994,9
12				Көлік және коммуникация	873,0
	1			Автомобиль көлігі	873,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	873,0
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	873,0
15				Трансферттер	0,0
	1			Трансферттер	0,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,0
				Бюджеттік кредиттер	0,0
				IV. Қаржы активтері мен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0,0
				V. Бюджет (профициті) тапшылығы	-597,9
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	597,9
08				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	597,9
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	597,9
			1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	597,9

2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТІ

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				II. Шығындар	4890784
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	463058,2
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	161481,2
01	1	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	20028
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20028
01	1	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	95707,2
01	1	122	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	85490
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	70
			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	10147,2
01	1	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	45746
01	1	123	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	45746
01	2			Қаржылық қызмет	18181
01	2	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	18181
01	2	452	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17748
01	2	452	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	292
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	141
01	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	16925
01	5	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	16925

Зарегистрирован в Актюбинского областного
Департамента юстиции 18 ноября 2019 года за № 6469

РЕШЕНИЕ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

13 ноября 2019 года № 349 с.Уил

О внесении изменений в решение Уилского районного маслихата от 4 января 2019 года №251 «Об утверждении бюджета Саралжинского сельского округа на 2019-2021 годы»

В соответствии со статьями 9-1, 109-1 Бюджетного кодекса Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Уилский районный маслихат **РЕШИЛ**:

1. Внести в решение Уилского районного маслихата от 4 января 2019 года №251 «Об утверждении бюджета Саралжинского сельского округа на 2019-2021 годы» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов №3-11-158, опубликованное 22 января 2019 года в эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде) следующие изменения:

в пункте 1:

в подпункте 1):

доходы

цифры «54357» заменить цифрами «53357»;

в том числе:

поступления трансфертов

цифры «52 537» заменить цифрами «51 537»;

в подпункте 2):

затраты

цифры «54 954,9» заменить цифрами «53 954,9».

2. Приложение 1 указанного решения изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему решению.

3.Государственному учреждению «Аппарат Уилскогорайонного маслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актюбинской области;

2) размещение настоящего решения на интернет-ресурсеУилского районного маслихата после его официального опубликования.

4. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2019 года.

Председатель сессии Уилского районного маслихата: А.К.Мамбетова

Секретарь Уилского районного маслихата: Е.Ж.Жиеналин

Приложение к решению районного
маслихата от13 ноября 2019 года № 349
Приложение 1 к решению районного
маслихата от 4января 2019 года №251

БЮДЖЕТ САРАЛЖИНСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА НА 2019 ГОД

Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тыс.тенге)
			1. Доходы 53357,0	
1			Налоговые поступления 1524,0	
	01		Подоходный налог 650,0	
		2	Индивидуальный подоходный налог 650,0	
	04		Налоги на собственность 874,0	
		1	Налоги на имущество 19,0	
		3	Земельный налог 75,0	
		4	Налог на транспортные средства 780,0	
2			Неналоговые поступления 296,0	
	01		Доходы от государственной собственности 276,0	
		5	Доходы от аренды имущества, находящегося в государственной собственности	276,0
	06		Прочие неналоговые поступления 20,0	
		1	Прочие неналоговые поступления 20,0	
	4		Поступления трансфертов 51537,0	
	02		Трансферты из вышестоящих органов государственного управления 51537,0	
		3	Трансферты из районного (города областного значения) бюджета 51537,0	

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
				II. Затраты	53954,9
01				Государственные услуги общего характера	20129,0
	1			Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления	20129,0
		124		Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	20129,0
			001	Услуги по обеспечению деятельности акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	19029,0
			032	Капитальные расходы подведомственных государственных учреждений и организаций	1100,0
04				Образование	30324,0
	1			Дошкольное воспитание и обучение	30324,0
		124		Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	30324,0
			004	Дошкольное воспитание и обучение и организация медицинского обслуживания в организациях дошкольного воспитания и обучения	30324,0
07				Жилищно-коммунальное хозяйство	3044,9
	3			Благоустройство населенных пунктов	3044,9
		124		Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	3044,9
			008	Освещение улиц в населенных пунктах	1600,0
			009	Обеспечение санитарии населенных пунктов	380,0
			010	Содержание мест захоронений и погребение безродных	70,0
			011	Благоустройство и озеленение населенных пунктов	994,9
12				Транспорт и коммуникации	873,0
	1			Автомобильный транспорт	873,0
		124		Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	873,0
			013	Обеспечение функционирования автомобильных дорог в городах районного значения, селах, поселках, сельских округах	873,0
15				Трансферты	0,0
	1			Трансферты	0,0
		124		Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	0,0
				Бюджетные кредиты	0,0
				IV. Сальдо по операциям с финансовыми активами	0,0
				V. Дефицит (профицит) бюджета	- 597,9
				VI. Финансирование дефицита бюджета	597,9
08				Используемые остатки бюджетных средств	597,9
	01			Остатки бюджетных средств	597,9
			1	Свободные остатки бюджетных средств	597,9

БЮДЖЕТ УИЛСКОГО РАЙОНА НА 2019 ГОД

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
				II. Затраты	4890784
01				Государственные услуги общего характера	463058,2
	1			Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления	161481,2
		112		Аппарат маслихата района (города областного значения)	20028
			001	Услуги по обеспечению деятельности маслихата района (города областного значения)	20028
		122		Аппарат акима района (города областного значения)	95707,2
			001	Услуги по обеспечению деятельности акима района (города областного значения)	85490
			003	Капитальные расходы государственного органа	70
			113	Целевые текущие трансферты из местных бюджетов	10147,2
		123		Аппарат акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа	45746
			001	Услуги по обеспечению деятельности акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа	45746
	2			Финансовая деятельность	18181
		452		Отдел финансов района (города областного значения)	18181
			001	Услуги по реализации государственной политики в области исполнения бюджета и управления коммунальной собственностью района (города областного значения)	17748
			003	Проведение оценки имущества в целях налогообложения	292
			010	Приватизация, управление коммунальным имуществом, пост приватизационная деятельность и регулирование споров, связанных с этим	141
	5			Планирование и статистическая деятельность	16925
		453		Отдел экономики и бюджетного планирования района	

01				Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16677
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	248
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	266471
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	23498
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23498
	9	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	51413
13	9		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10741
			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	40672
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	191560
			001	Жергілікті деңгейде білім, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25361
			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	166199
02				Қорғаныс	10792
02	1			Әскери мұқтаждар	2305
02	1	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2305
02	1	122	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2305
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	8487
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	8487
		122	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	2942
			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	5545
04				Білім беру	2641608
04	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	71191
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	71191
			040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындамемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	39954
			045	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	31237
04	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	2465372
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	2465372
			004	Жалпы білім беру	2326809
			005	Балаларға қосымша білім беру	54920
			028	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	83643
04	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	105045
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	105045
			008	Ауданның (областык маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	28625
			009	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	47167
			010	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	1388
			020	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	2956
			027	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	189
			046	Әдістемелік жұмыс	18581
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	6139
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	703465
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	359130
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	357138
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	357138
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	1992
			030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	1992
06	2			Әлеуметтік көмек	319552
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	319552
06	2	451	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	203208
06	2	451	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	15857
06	2	451	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	0
06	2	451	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	32859
06	2	451	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	10409
деп Шернияз өзекті жанға бір өлімді мойындап, ақ алмастай қиып түседі. Ақырында төж-таққа есірген сұлтан есі шығып, өйелін, өзін біресе мақтатып, біресе жамандатады. Ессіздің де жон етінен таспа тілгендей сөзбен найзалап, қылышпен қиып түскендей өжуалап, тірідей көрге көміп жатқандай өлең жолдарын төгілдіре береді.

«Па, шіркін, Исатайдай
сабаз тумас,
Қас итсің — қасыңа да адам
жуымас.
Ел ұстап, жұрт билейтін
қылығың жоқ,

Хан емес, қас қатынсың мұндар қу бас, — деген Шернияз сөзіне зіркілдеген Баймағамбет қынабынан қылышын суырып, «шабамын басын-ды» деп оқталады. Оған ақын именбейді, сөздің қылыштан өткірлігін ақырына дейін айғақтай-ды. Сол сәтте сұлтан : «Басың домалап түспей тұрғанда өлеңмен мақтап қылышты қынабына түсір», — десе керек. Сөз астарын жұмсақ өзілге құрып, мақтап отырып мақтамен бауыздағандай болады да, ақын асқақтығын танытып міз бақпастан:

«Қолында хан иенің, қасқа қылыш,
Түсерсің қаһарланса,
тасқа қылыш.
Сабының хан ұстаған
тұтамы алтын,

Жарқылдап хан ойланбай аспа, қылыш», — дей келіп:

— Мақтаған жақсы, ә? Мені де біреу мақтаса, балаша мәз болар едім, бірақ бұза-жара айтатын ойлыны ешкім мақтамайды, — дейді де:

Ажалым жетіп тұрса, бар ма шара,
Өлімді ойлатпайды тіл бейшара.
«Қара қайта сөйлесе, қатын» деген,
Хан қайта сөйлесе болды қара, —деп екісөзділіктің өлім екеніне тіреп, үстем сұлтанның алдын кесіп тастайды. «Ет пен сүйектен жаралған адамсың. Төж-таққа астамсысаң, өзіңді иттей етеді», — дейді. Екіжүзділіктің де қылмыс екенін меңзейді, беделді «бақ» деп сезінудің жолдан тайдыратынын, қан төгу - тіршілік заңын бұзу, қаңқуылылықпен төртіп орнамайтынын, өш-қастылық екі дүниеде де абырой бермейтінін өлеңнің әр алуан түрін құбылтып отырып айтады. Елдің ығырын шығарған ессіз үстемдікті масқаралайды. Баймағамбет ара-тұра ақын сөзінің жүрегіне жылы тиетін тұсына масығып, Исатайдың қазасын өзіне зор бедел санап:

- Егер осы бойда Исатай кіріп келсе, қалай амандасар едің? -деп кергиді.

- Байеке, буынсыз жерге пышақ ұрасыз ба? Әмірі күшті бір Алла жарылқап Исатайды көруге жазса, іркілместен

«Бармысың жауға түскен,
алтыным-ай,
Самалым, саз қонысым,
салқыным-ай.
Көуірдің қоржынына түсіп едің,
Шықтың ба аман-есен,
жарқыным-ай.
Ақ алмас алтын сапты
кылышым-ай,
Қорып ең алты Алаштың
рынысын-ай.
Жатпайды алтын пышақ
қап түбінде,
Шықтың ба қабын жарып,
ырысым-ай, —деп құшақтай алар едім», — десе керек.

Жөңгірмен іштей бәсекелес Баймағамбет қулығын асырып Шерниязға бостандық береді. Онысы «қанша үстем болсам да, халықтан безе алмаймын, сен Жөңгір хан Жайық бойындағы құйқалы өңірді орыс мұжықтарына үлестіріп беріп, тіпті Еділбай сықылды ірі руларды қойша шұбыртып, шөл-шөлейт жерге қуып қарғыс алдың, байлығын бір таладың, онымен қоймай Исатай— Махамбет сынды халық алдыларының қанын шаштың»деп ині келгенде бетіне басып, «мен Шернияз сынды ел тұлғаларын қорғап, беделімді нығайтам», — дер ме еді. Қайтсе де оқтай борап, наизадай қадалған, жандүниесінің астан-кестенін шығарып кескілеген Шерниязды сөзін Баймағамбет кешіріп, босаңсып қалуы тегін емес-тін. Әйтеуір, бас кесуге арналған сұлтан қылышының қынабына түсуінің сыры тереңде. Кінәмшіл үстемдіктің кешіріммен қанағат тапқаны — заман құпиясы. Бөлкім, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», деген бабалардың заңының жүзеге асуы ма? Бүгінгі кейбіреулердің сөзге мәулет бермейтінін, ақылсыздардың

көбейетінін алыстан болжағандық па? Іште өлген пікір жер қойнауына кете барды...

* * *

«Мінімді бетке айттың деп, Кесе алмассың тілімді!» -деп Исатай мен Махамбеттің серігі, қаруласы, қаламдасы — Шернияз да дүниеден өткен. Қилы бір кезеңнің куәсі, керемет қазақ даласының өр бұтасының түбі қанға боялғанын көріп, «Басымды алар болсаң, шапшаң алшы... « — деп ажалдан да тайсалмаған ақын өр түлғасын ғасырлар бойы халқының есінде қалдырып кетті. Көсемсөздің киесі осындай-ақ болар, өлсіздің қорғанына жараған асыл ой атом қуатынан да құдіретті екенін ұғасындар ма бүгінгі ұрпақ?

ОН БЕСІНДЕ ОТ КЕШКЕН

Тылсым табиғат құдіретіне табындырғысы келе ме, әлде жаратушыға жалындырғысы келе ме, — өйтеуір, дүлей аптап құм жиегінде отырған елді табаға салған бидайдай қуырып күйдіріп барады. Сол жылғы алапат ыстық қара жерді де тілім-тілім етіп жарып жіберген, осыдан жүз алпыс тоғыз жыл б9рын қып-қызыл отты жел біразға дейін ұрып та тұрған-ды. Жайық жақтан кешкі самал емес, өрт шарпығандай, біртүрлі күйік иісі шығатын төрізді. Сұрқай тірлікке атойлап қым-ғуыт қосылған орыс өлділері жер шұрайынан қазақтарды біртіндеп ығыстырып, өлдінің өлсізді басынуы, ажал құштырып тасынуы белең алған кезі-тін. Әумесер тобырлары құдық суына бола, жер жағдайына бола, бас жарып, көз шығару ғана емес, қанды қырғындарды да салып өбден мезі етулі. Әншейін жіпке тізіп, отбасында күңкілмен тынатын алакөздік емес, халықтың ертеңін көп қылатындай қасірет белгі берді. Үрей үдеді, өлім көбейді. Төбе-төбе молалар қарамы ұлғайды.

Тайталасқа белді бекем буып, ер қаруы– бес қаруды сайлаған тұста таң қылаң бере, күн көкжиекке өрлей түсіп бұлтқа сіңген кезде ақ боз үйде сәби дүниеге келді.

– Қыз ғой, қыз, ырыс алды қыз деген.

– Мейлі кім болса да, анасының жаны аман қалсын.

– Қыз деп кемсітпе, талай қырғын жорықта Жиембет батырдың дем берушісі болған Есенқыз анамыз кімнен кем болыпты? – дескен туыстуғандар киіз үйдің іргесін түріп ақ таңды оятып жатқандай еді. Бұл кезде жындана соққан жел басылайын деген.

– Азамат, сүйінші!

– Қалағаныңды ал, — деген әкесі қуанышты еді.

– Қызың, «әке, атқа мінемін», — деп жатыр.

– «Батыр болсын, батыл болсын, іштен шыққан перзентім ғой».

– Батыр болсын, — деген сөзді әкесінің аузына құдай салды ма, Алмажан туған жерімді, халқымды ерлерше қорғасам арман бар ма, — деп ой түйетін еді.

Расында Азамат қызын ер балаларша тәрбиеледі, сымбатты келбет-көрік пен өмір кеңістігінде жоғалғанын табатындай көзқарае қалыптастырды. Әкенің бір ауыз сөзін анасынан естігені ме, өйтеуір, ерке мінез, ақындық жүрекпен:

Туған жердің қызы едім,
Қадірім бастан кетпеген.
Тепкісін көріп көуірдің,
Атқа қондым сертпенен, -деген жүрек шымырлатар асқақ үн біртебірте қалыптасып, замандасынан алға шыға берді. Түсінде шошыса анасы қылышпен ұшықтап емдеді, басына қанжар жастады, босағадағы болат тағаға тағзым етіп, дұғасын оқыды. Ауырса туған жердің жеті түрлі шөбінің қоспасына шомылдырды. Қыз ғой деп үстіне қызылжасылды киім, өшекейлерді жолата қоймады, бір түсті киімді бойына жарастырды. Пендені тіміскілейтін тіл-көзді жебенің ұшымен жасқап жүрді. Ана мейірі қабағына кірбің түсірген жоқ, өмір есігін өкінішсіз ашып, бақыгты болуын жатса-тұрса тіледі. Ақын қыздың балаң кездің өзінде жүрек үні қараңғылықты жарып шығып:

Жамандықты күтпеп ем,
Жастықтың албырт шағында.
Атқа қондым сертпенен,
Үстемдікке бағынбай.
Бұл дүниеде тірі өлім,
Кісіге кісі табынған
Ісі түсіп наданға,
Көзін сатып жалынған, —деген өлең жолдары бойын билеп, ойын асқақтатып, қиялын көкке көтергендей болды ма екен? Өршіл ақын Махамбет қасиетіне еліктеді ме?

Алмажан жасынан бәйгеге түсті, қыз қуу, көкпар тарту ұлттық өнерлерде де ерекше алғырлығымен танылды. Он беске жетпей-ақ ел қорғаны болар ерлерше тастүйін боп, қыран келбетті таныта бастады.

Дамыл көрмей, жан ұшырған езілгендер Еділ, Жайық бойына орыстардың жаппай қоныстана бастағанына өліспей, беріспеуге бекінулі. Тағаты таусылған қалың топтың жүрек үні:

Үстемдікті талқандау,
Халықтың болды арманы.
Қып-қысқа мына жалғанда,
Еркіндік еді алмағы.
Зіл-батпандай ауырлық,
Патшаның езгі салмағы.
Күнкөрістен айырып,
Байлықты түгел жалмады.
Жоғалғандай құндылық,
Хан билігі аумалы.
Алакөздік жындылық,
Әзәзіл ойлы жауыздар,
Жігерді тұрды құм қылып.
Атқа қонған қалың қол,
Кек алуды үн қылып.
Исатай бастап барады,

Еркіндікті жыр қылып, —деген алмас қылыштай өткір сөздер халық күйін шертті. 1836-37 жылдардағы Исатай Тайманов басқарған казақ халқының ұлан-байтақ жері үшін азаттық соғысына Алмажанның өкесі Азамат та қызымен бірге қатысты. Алмажанын ерітіп шикі жас ұлы Төрежанның маңдайынан сүйіп, шиыршық атып, ақ тілекпен аттанды. Хан өзінің қолшоқпары болған би төрелерге мүлік есебінен жерді бөлшектеп үлестіргенге қалай көнсін. . Хан сарайындағы Балқы сықылды ұлт сатқындары Еділ бойына орыстардың қала салуын қуанышпен қабылдап, қара халықты орыстың армиялық күшімен езіп-жаншуға от тұтатып, Жөңгірдің колтығына су бүркіп отырды. Тарихи есепте отыз мыңдай үйдің; жүз сексен мыңдай халқы болғанға ұқсайды. Солардың көбі — жер-суымен ғана күнкөріс еткен қаратабан шаруалар. Исатай-Махамбет бастаған көтерілісшілердің қылышы қынабынан суырылғанша таудың тасындай бір мың қолы болыпты. Ал, хан Жөңгір мен орыс әскерінің саны төрт мыннан асып жығылыпты. Патшаның керегесін шайқалтқан көтеріліс қырғынында төгілген қанға ханның ақылы жетпеді ме, әлде сұс көрсетіп төж-тақтың беделін арттырғысы келді ме, әлде құзғын көмейге түсетін пайда ма, немесе жанындағы жексұрындардың айтақтауы ма, оған төрелік беру — біздің шаруамыз емес. Әйтеуір, қан қақсатып кедей-кепшіктің жерін тартып алғандар да, қанға қолын малғандар да қабірінде тек жатты деймісің. «Көріңде өкіргір» деген халық қарғысы тұқым-тұқиянын оңдырды деймісің. Жазықсыздардың киелі қаны көтерілмей тұрмайды, зұлымдықты оңдырмайды. Пенденің адал жолмен өсіп-өнуіне қастандықты Жартақан кешірмейді. Кінәліні тамұх отына итере салады. Оны шел басқан көз түсіне ме? Миында Ібілістің айтағы тұрады...

Байлыққа, қанауға, талауға, қырып-жоюға қымсынбайтын, айылын жимайтын албасты билер Исатай көтерілісінде қаза тапқан Азаматтың да отбасын ойрандайды. Ерін жоқтап езілген Азаматтың жары өзегіне түскен қайғыдан көз жұмады. Жеті жасар Төрежан мен он бес жасар Алмажанның мал-мүлкін билер талап алады. Оны Алмажан «Жетім қыз» поэмасында былайша суреттейді. «Бұлбұлым ұшып кеткен соң, жарықтан шығып тап болдым, қараңғы тұман түндерге, қас ақымақ болмасаң, өлімге неге күлесің, қайдан білдің, тоғыз би, боларын неден қазаңның? Қадірсіз қызың мен болсам, алдына келсін балаңның. Қызыл тілім сау болса, асықпай жүр, тоғыз би, басыңды бір тығармын, артына өлген анаңның» деген өлең жолдары қараңғы түнді жарып өткен найзағайдай болса керек. Батырлық, өжеттік, кектілік, қатігездікке кешірімсіздік поэманың өн бойында жібектің тініндей берік қиюласқан. Адуын күшке мойынсұнбай, Исатайдың жорығынан төлім алып, Махамбеттің алмас қылыш жүзіндей өлеңінің мәнмағынасымен суарылып, болаттай қайнап піскен жолдар «Алтын зер салсам жарасар, қара мауыт жағаға, арғымақ жексем жарасар, күймелі күміс шанаға, өке, өзің кеткен соң, атаңа нәлет тоғыз би, қызылы сәнбей сәуленің, жетімге келіп қол салып, дұшпанға қойды табаға», — деп төгіліп түрған ыза-кек, батырлық туын сәнбейтін жарық жұлдыздай көтерер еді. Кейбір жасық жандай сағы сынып, бүгежектеп тірліктен түңілу поэмада мүлдем жоқ. Аңсаған асқақ ғасырларға кететін арман бар, ел қорғанына өлі жарармын деген ұшқыр қиял бар, сарыла сағынған еркіндікке қол жеткіземін деген болаттай берік үміт бар, қантөгістен титықтап, қалжырағандықты өрбір өлең жолы байқатпайды . “Дегеніме келгенше, мекен етіп тұрмадым адыра қалған Нарында “мен” деген қазақ баласы, келешегі артық деуші едім кешегі өкем барында» деп ақ жауындай ерлік жолын өлеңмен төгіп-төгіп өтсе, он бес жасының өзінде аса таланттың Қазақ аспанында тағы бір айы туғанын сипаттайды.

Қайғымен басы дал болған Алмажан суға кеткен тал қармайтындай, “зұлымдықты тоқтатар Жөңгір хан” деп жеті жастағы інісі Төрежанды ертіп жаяу-жалпы жолға шығады. Азапты сапар өрбір минуты қауіп-қатерлі ауырлықпен арпалысып хан сарайына келсе, билері “Ханға кірем десең, пара бер? ” — деп жетімді алқымынан алады. Оны ақын тілімен былайша жеткізеді. “Келіп едім даңқымен, Жөңгір ханның құзырына, күндіз-түні барсаң да, есігім бар кең деген. Қалай еді билері, арызға келген жетімді, жібермей жолдан тоқтатып “параң болса, бер дегені !” — қоя бер, билер жөніме, қалжыңдасып тұратын, үйіндегі жеңге емен” — деп дегені жүрегінді тырнап өтеді. Сонау тарих қойнауындағы Жөңгір заманындағы өлсізге деген зұлымдық, қысастық, бүгінгі нарық жендеттері қимылында қайталанып отыр.

(Әкім не басшыға кіру үшін, жетім-жесірлер мұң-шерін айтып тілек етейін десе қаншама оққағарлар, өңменінен итеріп түсін суытып, ызғар шашады. Темір сандықтың ішінде отырғандай сымақтарына тегін жолатпайдыТ. Қ.). Жөңгір хан, мыңдаған адамның қаны төгілуіне себепші болуының қасіреті өз алдына, жетім- жесір, өлсіздердің көз жасын арқалады. Бұл қылмысы ол дүниеде алдынан шықпады деймісің? Қарғыс алғанның тұқымы жуадай солмады деймісің? Жетімдерін жұбатудың орнына зар қақсатқан билер қайбір бүйірі шығып, мұратына жетті дейсің. Ажал жеткенде шыңғырғанын естігендер «жан дауысы шықты» деген сөз қалдырған болар.

“Ханға жақындама қарасы жұғады, биге жақындама пәлесі жұғады”, деген ащы сөз сол сұрапыл жылдардағы түңілуден қалды ма екен? Ханнан өділдік күтемін деген Алмажанның бір зұлымнан құтыла алмай басына қара төнгендей кезде, хан еарайындағы билердің қара жүректігі түңілдірмей қайтеді. Аскақ ақын қыз: “Қараша құс мекендер, қарағай-қайың тал басын, өкекем, өзің кеткесін, атаңа нәлет тоғыз би, ұмытып кетті-ау, Алласын”, — деуі адам тағдырын шыбын құрлы көрмейтін қанішер жауыздықты Жаратушының жазасына тапсырады. Торыққан жүректің жұбануына демеуші болайық демейді, керісінше қаскөй, зұлымдық иелері өлсіздің тағдырын ойыншық етеді. Соны түсінген Төрежан қарап тұрмай:

Апатай, өне, күн шықты,
Үреймен сонша тұншықтым.
Мына жерде қансорғыш,
Пара сұрар жын шықты, тез кетелік, ел қарасына жетелік, -деп тақылдап еді. Онысы Алмажанның өлеңдері Күн сөнгенше тұрарын меңзеген Алла аузына салғаны ма еді. Әйтеуір, қара түнекті серпіп күн шығарына пенденің үміті үзілмейді. Үміт, сенім дегенің ажалдан кейін өлсе керек.

Алмажан Азаматқызы Исатай—Махамбет көтерілісінің жеңіліске ұшырып, одан тірі қалғандарының азапты өмірін осылай баяндаған екен.

— Алмажанның “Жетім қыз” поэмасынан басқа да көптеген шығармалары болыпты. Ел аузында да, жазбаша сақталған өлең-жырлары күні кешеге дейін келіпті деседі. Бірақ, Орынбор мұрағаттарын ақтарып еркіндік аңсаған күрескер қыздың еңбегін іздеп жарыққа шығарып жанашырлық көрсету жағы жоқтың қасы, — деп Орынбор қаласындағы “Айқап” газетінің редакторы акын Аяған Нұрман: “Оян, қазақ, ойлан қазақ, аз емес кой көрген азап, жан-жағыңнан жаулар қамап, тартыс өтті қаншама ұзақ”, — деп тақпақтата жөнелген еді.

“Қазақ поэзиясының қайталанбас ақ алмасы” делінетін Махамбеттің ізбасарларының бірі — Алмажан Азаматқызының он бесінде от кешіп жүріп айтқан, жазған мұң-шері, төгілген өлең- жырлары бүгінгі ұрпаққа қазақ ұлтым дегізетін, қанатты да, қайратты жігер беретін, жаныңды ұйытатын өшпес өнеге. Ерліктің құйма шындығы. Ол шындық Әлия, Мәншүктердің дүниежүззілік екінші соғыстағы ерлігімен жалғасып, 1986 жылғы желтоқсан көтеріліснеде де қазақ қыздары еркіндік жолындағы көтерілісте талайы өмірін қиды, күллі әлемді ұлтымыздың намысы таңғалдырды...

АҒЫП ТҮСКЕН ЖҰЛДЫЗДАРҒА ҚАРАП

Әкем Бекқазы ашық аспандағы жұлдыздар ағып түскенде дұғасын оқып: « Әне, бір адам о дүниелік болды»деп жаны күңіренгендей болатын еді.

- Әттең, дүние-ай, бір тойынып өлсем арман болмас, -деді ме? Жанындағы қорбаңдаған жұпыны киімді жүдеулер оның сөзіне жауап қатпайды. Жаутаңдап кең далаға қарайды да ой толғайды:

Қазыналы кең дала,
Көңіл күйі, сен ғана.
Құшсам, әттең сыймайсың,
Құшағыма, жырға да.
Жазылмаған жырымсың,
Айтылмаған сырымсың.
Бесігім болып тербеттің,
Сенде еді өмір тынсым,
Тынысыңды тарылтсаң,
Тірілік еткенің құрысын.
Туған жерің қашанда,
Байлығың, бағың, ырысың
-деді де туған жерімнен айырғасын, тірі жүргенім құрысын, -деп қырсыққан жылдарды келістіріп айтқысы келседе пікірін бүгіп қалды. Жыртық көйлек, жыртық шалбарлы өбден жүдеген адамның сөзін кім тыңдайды. Екіншісі есін шақырып күбірлеп:

- Жаратушы Адамның қай тілегін орындапты, -деп іштей толғанған да болар. Кейде пенде қызық, жақсылық көрсе ұмытады, жамандық көрсе өзімнен демей Құдайды қарғайды. Не деген ессіздік, кей адам не деген күлкілі, иланатынға иланбайды, ақихатқа жүгінбей, қыбыр-қыбыр, күйтің-күйтің тірлікке мәз-тін. Оның да ақыры барын алдын -ала түсінсе ғой. Үрейден басқаны сезбейді. Байлық бар, жер құнарлы, пендесін асырауға жетеді, бірақ құр қол күрмеулі, байларда асып, төкпе дәулет болса да жоқ, ақымақ емес, неге кедейлерге тегін береді. Адам өмірде жолаушы емес пе, бар тамақты, олпұл керек-жарақты бірімен - бірі бөліспес пе? Әлді өлсізге қараспаса иттік демейсің бе? Байлыққа масыққан залым аз ба, сұмпайы иттен сорпасын да қызғанады дейсің бе? Дей бер, баршылық жоқшылықты мүсіркей бермейді, неліктен? Өзі тамаққа аңқая тойған Адам өзгенің аш жүргенін білер ме? Іштен шыққан баласы болса да өзін-өзі асырай алмаса, тірлігіне жетер азығын үнемдей білмесе обалы өзіне! Не қара көріністі көзіне. Жалғаншының сеніп жүрсе сылдыр-сұйық сөзіне. Байлардың мақсаты да, қалың қайғысы да өзгелерден асып тұру, дәулетіне масығып күржиіп өлсіздің пысын басып тұру. Жолаушы дедік-ау о да бар мен жоқты біліп, тірлікті терең ойлап, маңындағыға көзін түсіре бермес. Қай заманның да, зар, мұңын дала қаншалық білсе де, төгілген қанның иісімен тұншықса да суық қалпында жасырып, үнсіз жатады. Ағып түскен жұлдыз көлге құласа, көлде үнсіз... Бәлкім, жел ызыңдар. Аштықта қырылғандардың соңғы үнін жеткізер.

Сол Орынбор даласын шарлап, тірі жүруді армандап еңсесі түсіп келе жатқандар. Алдарынан күн шыға ма, түн шығаға ма, ас ішіп өздеріне өзі келе ме, әлде қабағы айқасып, қарыны қабысып, жанын бере алмай арпалысып өле ме, бәрі белгісіз. Жұбанғысы келіп кейбірі өндететеді:

«Болады түс қайтқанда ұлы бесін,
Ажалдың кім біледі ерте, кешін.
Әлеумет құлақ
салып тыңдасаңдар,
Айтайын Ертілеудің өңгімесін.
Келемін Орынборға арып, ашып,
Үстінде көк арбаның түсім қашып.
Осыдан аман, есен елге барсам,
Анашым қарсы алады есік ашып.
Қазақтың мен өлгенде несі құлар,
Қансұлу қарындасым,
шешем жылар.
Ертең де оралар-ау ұлы бесін,
Кім білген адамзатқа ажал өшін.
Үдей түскен аштықтың өлегінен,
Үгіліп тұр бойдағы қайрат, күшім...
деген оқу іздеп, ашқұрсақ жүріп, өкпе ауруымен қан құсып дүниеден өткен Ертілеудің зарын еске алып, айтатындар да жоқ.

-Жас шағымда көргенім, көкірекке түйгенім ашыққан көпшілік ажал алдында тым жуасып қалатындай екен, -деп орынборлық Зәйіт Мерғалиұлы сексеннің сеңгіріне шықса да өзінен гөрі өзгені бақытты ететіндердің аздығына қынжылыс білдіріп: «Қазақи төлім, тәрбиенің негізі өлсізге мейірім, жарты құртты жарып жеу, деген татулық неге азайды. Бәрін құртқан қоғамның үрейі ме? Кеңес үкіметі құлады, жаңа қоғам екпіні қайратты, бірақ, қарапайым халыққа зияны тимеуі керек қой. Оқыған, тоқығаны мол көзі қарақты билеушілер халқы үшін қиянаттыққа ұрынбауы керек емес пе? Аталарымыздың аштыққа, қуғын-сүргінге ұрынуы, басқыншылықтан, ұлтын қорғай алмайтын намыс-сыздықтан, надандық, білімсіздіктен дедік. Бүгінгі оқығандарға не көрінді? -деп өткенге де көңілі көншімейді, бүгінгіге де көңілі олқыланады.

-Жұрттың біразы неге мазасыз, әлемнің тынышы кетулі. Дүлей күшті бар, оның маңында бұғып жүретін аянышты өлсіз бар. Теңсіздік...

-Біз өткен қоғамда билеушінің үлкені болсын, кішісі болсын, алдына ісіміз түсіп барғанда дауылда қалтыраған ағаш жапырағындай сескеніп тұрдық. Айтқанын орындадық, жөнсізін жөн көрдік. Ақыры неге кеп соқты, қоғам құлады. Сол өлсіздікті жекешелену тұсында дерегі барлар пайдаланды, биліктің іші кеппейді, оның оң, терісіне ақылың жетпейді, -деді дастархан басында қара торы, жігіт ағасы, өткір көзді Алтай: «Сол Ертілеудің зарын анамыз айтушы еді. Бақсақ елін сағынады екен. Жайық өңіріндегі жастығын сағынады екен. Туған жерін қадірлеу, жоқтау ұрпақтың қанында қалсын дейді екен. «Өлсем рухым ата, баба зиратына қосылар-ау, бірақ аруақ о дүниеде денесі жат жерде қалғанына өкініп тыныштық таппас. Қазақтың сүйегін далаға тастамас дегені тегін емес»-деуші еді. Қайтеді, төркілеудің зұлымдығында Орынборға қашып, бетегеден биік, жусаннан аласа боп, үреймен күн өткізіп, қорқыныштан жаны тырнағының ұшына іліккен аналар, өкелер, ағалардың біразы о дүниелік. Орынбор топырағында, негізі қазақ жері, алғашқы астамыз ғой».

Алтайдың да Зәйіттің де ойларын байқап отырмын. Ажал жетті, туыс, туғандар топырақ бұйырған жерді мәңгілік мекен етті, саясаттың зұлымдық құйыны айдады, желге ұшқан қаңбақтай тірілері туған жерден аулақта дәм, тұз татты. Сақтанып сақ жүрді, өгейлік көргендей өкінішін ішінде тұншықтырды. Зарықтырулы мұң көкіректе жатты. Ауыр тірлік, рахымсыз тағдыр. Сенім, үміт теріс айналған үрейлі уақыт.

Дәм дегеннен шығады, байларды төркілеу кезінде аш құрсақ, жетім қалған балаларға тамақ жоқтықтан қойдың құйрығын жіңішкелеп турап, шиге түйреп еміздік есебінде сорғызатыны, кейбір аналар, қозы, лақты көрпе астына тығып, жасырып қалғанын, түрлі зұлмат оқиғаны Зәйіт Мерғалиев білсе де Алтайдың есінде жоқ. Алтайдың албырт жастығы Орынборда өтті, оқыды, алғыр маман атанды. Орыс тілді адамдермен тең сөйлеседі. Ешкімді жатырқамайды, қазақи қанында мейірім, инабаттылық нәтижесінде қатар, құрбысының құрметіне бөленді. Қанаты күйген шыбындай тыпыршып зарлаумен өткізген үлкендер өмірін жастардың көбі ұмытқан. Саясат қалай құбылса пенде солай тез икемделеді. Замандасы жақсы десе көдімгідей серпіледі. Әрненің ыңғайын күтіп, ой жіберіп, жан- жағына көз салмаса бола ма?

Осындай ойымызды есіктен кірген Ақбілектің жұмсақ жүзі назар аудартты. Қолындағы хатты әкесі Зәйіт Мерғалиұлына Ресей Президенті Путиннің Ұлы жеңіс күнімен құттықтаған сөзін оқыды.

-Рахмет қызым, ақшасы жоқ па?

-Зейнатақы да жетеді ғой.

-Көп ақшаны қайтесің?

-Е, Сарықтас ауданы, бесінші бөлімшедегі туыс, туғандарымыз жатқан қорымды қоршап, сосын ауыл молдасына қайырым жасасақ артық па? -деді Зәйіт. Қайтеді, алты баласы осы жерде дүниеге келді. Алтауын да анасы Зылипа бауырына басып, өсіріп, тәрбиеледі. Інсі Сақыш екеуі мал бақты. Жері қандай құнарлы еді, отыз мыңға тарта егістігі бар-тын. Үш мыңдай ірі қара өсірілді. Малды рынок басталысымен күйедей сыпырды. Бүгінде шаруашылықты Черномординнің үлкен ұлы жекешеленді. Қазір егін шаруасында немістердің техникалары, баптау, күту технологиясы да жаңарған. Егін шықпады деген өр жылдың өзінде гектарынан он центнерден өнім алынады. Былтыр Найл Гибадуллин басқаратын шаруа қожалығы бір жарым мың гектар алқаптың он жеті центнерден өнім алыпты. Ал «Орынборг-Иволга» агроөнеркәсіп бірлестігі бір жылда егіншіліктен үш жүз миллион рубль табыс тауыпты, -деді Алтай Жоламанов өзінің астық шаруашылығындағы қызметін айта отырып.

-Ah ұрып, көз жасымызды тия алмай, қайғы кешіп жүріп армандаған еркіндікті көруге зар болып өткен кезеңді ойласақ, қабырға қайысады, -деді Зәйіт. « Талайдың жарығы күнінен бұрын өшті, көлге құлаған жұлдыздай ағып түскені қанша ма? Бүгінгі қиындықтың бәрі түк емес қой... Дастахан толы тамақ, бір үзім нанға зар болған үрейлі жылдарды ұмытпаймын. Орынбор өлкесі өлілердің ашылмай жатқан тарихы», -деді. . Оның ойын тірілтіп Орынбор мұрағатын зерделедік...

Төбе шашын тік тұратындай оқиғаларды тарих бетін ақтара берсең, іздей берсең бүкпейді. Кеңес үкіметі жарылқайды, дедік, құба-құп. Өйткені, қара халық отарлық езгі, байлар мен кулактардың зұлымдығынан көзі ағарды. Кедейдің көңілін табамын, бақыт шырағын жағамын, деген үкіметтің кірісі өлсіздің ойынан шығып жарасса да, үстемдік иелері бай, кулакқа жараса қоймасы анықтын. «Стапная правда» газетінің сарғайған беттерін парақтап көріңіз. 1922 жылғы аштыққа үкімет кінәлі емес дей аласыз ба? КССР бойынша 53 уезд 1127 болыс, 8136 елді мекенде 5 миллион 212 мың 651 адам болса, (1918 жылғы аштықта 2, 5 мллион адам аштыққа ұрынды деген деректі қосыңыз) аштық зобалаңынан өке, шешесінен айырылып жетім қалған 219 мың 326 бала және 1 миллион соғыс мүгедегі өлім халінде деп есептеліпті. Осы газеттің 82 санында КЦИК басқармасы С. Меңдешов пен КЦИК хатшысы С. Садуақасов жетімдер мен мүгедектерді қамқорлыққа алуға үндеу тастапты. Губерниялық комитетте қызмет істейтін 94 басшы жетімдерді тікілей бақылуға алады, өздері жүрген жеріндегі аш балаларды үйлеріне паналатады. Демек, 1922 жылғы аштықта 1 миллионға жуық қазақ қырылды деген дерек шындыққа саятыны жетім балала-рдың есебі анықтағандай. Өйткені, түрлі құжаттарда Ресей патшалы-ғының ХУ111 ғасырдың 30 жыл-дарындағы кіші жүздің өзін отарлауды жымысқы саясатпен жүргізуіндегі санақта байұлы -500-550 мың оның ішінде адай-80-90 мың, ал әлімұлы-300-350 мың делінсе, Семейде 604564, Сырдарияда-741811, Жеті-суда-515001, Ақмолада-389204, Маңғышылақ уезінде-63795, Астар-хан губерниясында-207299, Омск уезінде-38185, Томскіде-26643, Тобыл облысында-5148, Ташкент уезінде-163105 осынша қазақтардың өмір сүргені руларын атап-атап, олардың ері, әйелі қаншалығы есепке алынған. Бұл Ресейдің отар халқынан салық алуы үшін нақты есеп екені даусыз. Осыншалық жіктеп, төптештеп санау отарлық езгіге, тіпті бір руды бір руға айдап салып, бас көтертпей ойрандап отыруға өбден қажетті төсіл. Әлдіні өлсізге езгілету қырылдырып, құртудың алыстан ойланған зәлімдік амалы. Мұның бүгінгі ел тарихы үшін қажеттілігі қызыл коммунистік басқыншылықта аштық, соғыс, халық жауы делінген зобалаңында қаншама адамның жазықсыз қырылуын сипаттайтын дерек. Өткенді ұмытпау, сақтануға мезгеуді ұрпақ жадына сіңіру үшін қажет. Ауыр да, ащы кезең өреліні арам қатырған, кісідегінің кілті аспанда, деп өзгеге емес, өзіңе сену, бұлтылдап тұратын саясатқа алданбау. Қилы-қилы тірлікті түсініс-тікпен қабылдау, жатқа жалбарынбауды есіңе алдырса құба-құп. Осыны дала даналары, Қазақ аспанының жұлдыздар шоғыры атанғандардың бәрі де ойлады. Рас, ата-бабаларымыз ғылым, білімді аңсады, қолы жеткені ашқарақтана ойға түйді, өзгені де соңына ерітті.

Орынбордағы оқу орындарында 1850-1869 жылдарда отыз қазақ жастары оқыса, кейіннен оның саны-57-ге жетеді. Үш ағайындылар Айшуақов, Арғынғазиев, екі ағайындылар Алдияров, Бірімжанов, Сүйіншқалиевтер және Жансұлтан Шумақов 1877-1891 жылдардың білімді түлектері екен. Айта кетелік А. Бірімжанов мемлекеттік думаның 1-2 шақырылуының депутаты болған. Ал Орынбор гимназиясын бітірген 18 қазақ жастары Қазан университетінің заң факультетіне түседі. Осында ұстаздық білім алған Балғынбаев, Тақтабаев, Залиевтер Ақтөбе, Қостанайда мектеп ашып жастарға білім береді.

-Олардың қай-қайсысы да Қазақ ұлтының оқу, білімге ұрпақты алғашқа ұйытқан жарық жұлдыздары еді, -дейді орынборлық қарт Имаш Исағалиұлы: «Орынборға өкем, ағаларым 1928 жылы байды жаппай төркілеуде бассауғалап қашып көшіп келген. Ата, бабаларымыз Ойыл өңірінен еді. Төрт ағайынды Есенғожиндер де төркілеудің қанды тепкісімен Сібірге жер аударылса, Дәукен ағамыз тұтқыннан қашып шығып Орынбор елінің халқының арасына сіңген. Бұлар аты, жөндерін өзгертіп үреймен өмір сүрді. А. В. Федорованың мұрағат қорындағы құжаттарда Қания Исахметованың жанұясы отызыншы жылғы аштықта қырылып қалған. Қания 5 жасар інісімен екеуі балалар үйіне алынған. Ал, Орынбордың елді мекендеріне алғашқы қазақтардың қоныстануы 30-шы жылы Кеңестің құғын, сүргін зобалаңынан жер ауған Сатаев, Атаев, Есенбаевтар өздерінің аты, жөндерін жасырып итшілеп тірлік еткен... »

Міне, бесінші ауылдың бүгінгі тірлігі қақында Маржан Дәрітова былайша ой қозғады: « Жас кезімізде осында мыңға тарта ағалар мен апалар бар еді. Үлкендер тіл мен ділді, дінді үйретті. Орысша оқысақ та қазақи қалыптан жаңылған жоқпыз. Қазір кеңшарымызда қариялар аз», ... деп ойға шомды.

Қазір Орынбор облысында 111477 қазақ, яғни облыс халқының үштен бірін құрайды. Орынбор қазақтары Мұқтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Беймбет Майлин, Сәби Мұқанов, Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов, Сәкен Сефуллин сықылды ұлт жұлдыздарының білім алып, алғашқы астанаға қызмет етке-ніне мақтанады. Ал, қалада «Көрімов, Хұсайынов К» баспаханасынан 1900-1915 жылдың өзінде 117 қазақша кітап шықса, бүгінде «Айқап» газеті, және 12 қазақ мәдени-ағарту орталығы ұлттық рухты насихаттап келеді. Олардың бәрі де Қазақстанның өсіп, өрлеуін біліп көңілдерін көтеріңкі ұстайды. Әйтпеске, шарасы жоқ, бабаларының көз жасын көрді, ажалынан бұрын өлгендердің қайран өмір-ай деген соңғы сөзін тыңдады. Қазақ ұлты данышпандығымен әлемге танылғанын біледі, қабілеті жоғары бола тұра қатал зұлымдыққа жаншылғанын ұрпақтан аулақ болғай деп күңіреніп кетеді. Ұлылық жаңарар, даналық оралар деген үміттерін пасықтық пен сұрқиялық қастандықпен ұзгеніне өкініші о дүниелік болғандардың қайсысы айта алды дейсің. «Өзіннен зорлар шықса жаның сонда шығар» деген сөз қалды.

Өткен ғасырдағы алып тұлғалардың ағып түскен жұлдыздай аруағы бүгінгі еркіндікке риза болғандай түсінеді. Қайтеді тағдырдың бұйырған дөмін татып қандастардың шат жүзінен ақжарқын күлкі, көңілінен қуаныш сезім арылмасын деп аттандық. Олардың қай-қайсысы да атқаратын қызметтерінде жұртқа күлкі болмай, кісіліктерін көкке көтеріп абыройлы атанса аруақтардың жебеген, Алланың көзі түзу болғаны шығар деп түсінесің...

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1620 дана. Тапсырыс №1579
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

Құттықтау

Карбелова Әсем Орынғалиқызын 37 мүшел жасымен құттықтаймыз!

Жан әпке, қашаннан-ақ жаны жақсым,
Шыққандай жанарыңнан жадырап күн.
Ең алғаш сен туылып қуантыпсың,
Жандарын біздің үлкен шаңырақтың.

Ашып өмір есігін нұрланды күн,
Шашу шаштық сол үшін жырдан бүгін.
Өзіңеде өзгеге шуақ сыйлар,
Құтты болсын әпкетай туған күнің.
Құттықтаушылар: папа-мамасы, бауырлары, келіндері, жиендері.

Тәуелсіздік тұғыры...

Өтті бастан ашаршылық,
қан майдан,
Зұлмат жылдар өшер емес
әлі есте.
Сағым уақыт шындықты
айтып сарғайған,
Тәуелсіздік құндақтаулы нәресте.
Дархан далам топырағың киелі,
Бahадүрлер шауып өткен белесте.
Ұлықтарға ұрпақ басын иеді,
Баба рухы қасиетті емес пе...
Қазағымның қаны тамған
қырқа-бел,
Құс қанаты талған мекен егесі.
Жатыр бүгін өңұранын шырқап ел,
Азаттықтың көкте жүзіп кемесі.
Қорғап елім, қойған жерін белгілеп,
Ұлтына тән ұланғайыр картасы.
Бірлік туы биігінде желбіреп,
Шежіреден шертеді күй жартасы.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫНЫҢ ТІЛЕГІ

ТӘУЕЛСІЗДІК АТА-БАБАМЫЗДЫҢ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ АСЫЛ АРМАНЫ, АЗАТТЫҚ ЖОЛЫНДА ҚҰРБАН БОЛҒАН ТАЛАЙ БОЗДАҚТАРДЫҢ ҰРПАҚТАРЫНА ҚАЛДЫРҒАН АМАНАТЫ ЕКЕНІ СӨЗСІЗ. ТАРИХ ӨТКЕННІҢ САБАҒЫ, АЛДАҒЫНЫҢ КЕЙІНГІГЕ ӨНЕГЕСІ. ҚАЗАҚ ЖЕРІ ҚАСИЕТТІ, ӨЙТКЕНІ АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ БІЗГЕ БІРЛІКТІҢ, ТҰТАСТЫҚТЫҢ ҰЛЫ ҮЛГІСІН КӨРСЕТІП, АТЫНЫҢ ТҰЯҒЫМЕН ДҮБІРЛЕТІП ӨТКЕН АТАМЕКЕНІН АМАНАТ ЕТІП ҚАЛДЫРДЫ. СОЛ АМАНАТЫН ҚИЯНАТҚА АЙНАЛДЫРА ЖАЗДАҒАН 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ ЕДІ. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖОЛЫНДАҒЫ ЕҢ СОҢҒЫ КҮРЕСІ. МІНЕ 1991 ЖЫЛ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДА «ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІ» АЛҒАН ЖЫЛ БОЛЫП БЕЛГІЛЕНСЕ, 16 ЖЕЛТОҚСАН ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕНІ ДҮР СІЛКІНДІРІП ҰЛТ ҮШІН ЖАНЫН ПИДА ҚЫЛҒАН ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ЕРЛІКТЕРІН ЕРІКСІЗ ЕСКЕ ТҮСІРЕДІ. СОНДЫҚТАН БҰЛ КҮНДІ ҰМЫТУ ҚҰДДЫ БІР КҮПІРЛІК ЕТУМЕН ПАРА-ПАР. ОСЫ ОРАЙДА БІЗ ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН ҚАТАР ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН БІРҚАТАР «ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫМЕН» ТІЛДЕСКЕН ЕДІК.

Жұлдызай САҒАТОВА, Шығанақ Берсиев атындағы орта мектептің химия пәні мұғалімі.

БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ - САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

Тәуелсіздіктің құрдасы екенімді ойлағанда, көкірегімді бір әдемі сезім әлдилейді. Ол жеке басыңның қуанышының туған еліңнің тарихи өміріндегі айрықша сәтпен тұспа-тұс келуіне деген ризашылықтың әсері дер едім. Бұл мерекенің мен үшін ғана емес бүкіл қазақ елі үшін орыны ерекше. Елімізде осы Тәуелсіздіктің арқасында атқарылған істер көп. Мұның бәрін Тәуелсіздіктің тартуы дер едім. Біздің Тәуелсіздіктің ақ таңында дүниеге келген ұрпақпыз. Еліміздің жарқын болашағы үшін біз жастар бар күш-жігерімізді салуға дайынбыз. Соның айғағы ретінде айтар болсам мен бүгінгі күнде Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетін бітіріп, Шығанақ Берсиев атындағы орта мектепте мұғалім болып жұмыс істеп жүрмін. Жұмысым өзіме ұнайды. Маған сенім артқан ұжымға да дән ризамын. Айналадағы жұрт «Тәуелсіздіктің құрдасы, сен не тындырдың?» дегендей сынай қарайтын тәрізді. Халқымның бақытты болуын қалаймын. Елім үшін еңбек етсем деймін. Асқақ елдің арманы биік, адастырмайтыны көміл. Тәуелсіздігіміздің ғұмыры ұзақ, тұғыры берік болсын. Халқымыз аман, еліміз тыныш болсын. Тәуелсіздік жылдары алған еліміздің бедел-биігі асқақтай берсін. Біз тәуелсіздіктің құрдастары осы бағыттағы қайнаған өмірдің қақ ортасында жүруге әзірміз.

Әділжан САРИН, Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы.

БОЛАШАҚ БІЗДІКІ

Мен Тәуелсіздік таңымен бірге түлеген ұрпақпын. Тәуелсіздік халқымызды өзгеге кіріптарлықтан құтқарды. Мұны, біз жас ұрпақ жақсы түсінуіміз, бағалауымыз керек. Біз тәуелсіздік арқылы көп нәрсеге қол жеткіздік. Бала кезімнен спортқа жақын болып өстім. Тынымсыз дайындықтың арқасында волейболдан аудандық, облыстық жарыстарда ауданның намысын қорғадық. Спортқа деген қызығушылықтың арқасында спорттың бірнеше түрінен алған жетістіктерім де жетерлік. Бүгінде Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушы болып қызмет етудемін. Басты мақсатым кейінгі буынды спортқа тартып, тұғырлы бәскелерге шыңдау. Қазіргі таңда жоғары білім алуды мақсат етіп, Батыс Қазақстан облысы инновациялық-технологиялық университетінде оқып жатырмын. Аталарымыз Тәуелсіздікті армандады, ол үшін күресті. Ал сол қолға бақ болып қонған еркіндіктің қадірін білуіміз керек. Қадірін білу – оны аялау, сақтау, ол үшін қандай күреске де дайын болу деген сөз. Жастар жалындап жанбасақ, елдің ертеңі не болмақ?! Мен Тәуелсіздікті осылай түсінемін. Егемен еліміздің ертеңіне қызмет етуді мақтаныш тұтамыз. Туған жердің өркендеуіне үлес қосуды перзенттік парызым деп есептеймін.

Индира ТӨЛЕУОВА, Ә.Дербісәлин атындағы Саралжын орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі.

«МАХАББАТЫМ ЕРЕКШЕ ЕЛ ДЕГЕНДЕ...»

1991 жылдың 16 желтоқсаны – барша қазақстандықтардың ең бақытты, аңсаған арманына жеткен күні, тәуелсіздіктің таңы атқан күн! Мен де осы тәуелсіздіктің күәгері ретінде осы жылы дүние есігін аштым. Тәуелсіздіктің төл құрдасымын. Мен өзімді егемен елде, тәуелсіздіктің таңы арайлап атқан бақытты Қазақстанда туғаныма шексіз қуанамын! Міне, содан бері 28 жыл зырғып өте шықты. Азаттықтың арқасында біз бақытты балалық шақта өсіп, алаңсыз білім алып, шаттыққа толы студенттік өмірді көріп, қазір еш уайымсыз ашық аспан астында берекелі де мерекелі ғұмыр кешудеміз. Ата-бабамыз арман еткен «ағаштан бал», «шөптен сүт» ағылып жатқан заманның құрдасымыз, егемендіктің биігінде самғаған еркіндіктің құсымыз. Осының бәрі – ата-бабаның қанымен, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен келді. Сондықтан да біз олардың алдында мәңгілік қарыздармыз. Елбасымыз «Болашақ – жастардың қолында» деп жиі айтады, бізге үлкен сенім артады. Сол кемел келешекті жасайтындар – «Тәуелсіздік құрдастары». Жастар саясатын жүзеге асыруда барлық жағдай жасалып жатыр. Осы жылдары мен көптеген жетістіктерге қол жеткіздім. Жоғары оқу орнын ойдағыдай аяқтап, ең алғашқы еңбек жолымды Ойыл аграрлық колледжінен бастап, қазіргі таңда Ә.Дербісәлин атындағы Саралжын орта мектебінде тарих пәнінен сабақ беремін. Ұрпақ тәрбиесінде өз үлесімді қосуға тырысып жүрмін. Ендігі мақсат – бел шешпей еңбек етіп, Тәуелсіз Қазақстанымызды Мәңгілік елге айналдыру.

*Сусын қылар үмітін шөлдегенде
Мына жерге перзентпіз сенде,
менде,
Барлығын да сүйемін сөйте тұра,
Махаббатым ерекше ел дегенде,*
— деп Қадыр атамыз жырламақшы, әрбір қазақ баласы өз Отанын шексіз сүйе білуі, ел жолында аянбай тер төгуі тиіс! Тәуелсіз Қазақстанымыз Мәңгілік жасай берсін, жайнай берсін!

Абзал МАЙҚАНОВ, Қараой орта мектебінің директоры.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ

Тәуелсіздік құрдасы екенімді ойласам жауапкершілік сезімі оянғандай хал кешемін. Қазір әр қадамыма есеп беріп, айналама ойлана-толғана қарайтын болдым. Бұрындары қоғамдық жұмыстар десе кежегем кейін тартатын болса, енді буырқанған күш-қуатымды Отанымды көркейтуге, гүлдендіруге жұмсасам деген күйдемін. Қазіргі білектілердің емес, білімділердің заманы туды. Мен туған жерімдегі білімнің қара шаңырағында директорлық қызметті атқарып келемін. Білімді ұрпақ дайындау біздің басты міндетіміз. Білім мен ғылымның қарыштауы, тіпті әлеуетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Өйткені Елбасы бастаған ел ағалары Тәуелсіздіктің алғышарттарын жасап, мемлекетті толық құрды. Болашақта жастар ағалар салған даңғыл жолды жалғай алса, Тәуелсіздігіміз де тұғырлы бола бермек. «Біз жаспыз. Ел экономикасын көтеруге, әрі қарай дамытуға бар күшімізді салып жұмыс істеуіміз керек. Ағалар алдымыздан даңғыл жол ашып отыр. Бізге соны жалғастыру, алға сүйреу міндеті жүктелген.

Тәуелсіздіктің тұстастары ағалардың аманатын адалынан атқарады деген ойдамын.

Әңгімелескен Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚҰЛШЫНЫС БАР

БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ ҚҰС ЕТІН ТҰТЫНУ БОЙЫНША ЕКІНШІ ОРЫНДЫ ҚАЗ ЕТІ АЛАДЫ. ӘРИНЕ, ТАУЫҚ ЕТІ ҚАЗ ЕТІНЕ ҚАРАҒАНДА ӨСІРУ КӨЛЕМІ МЕН ТҰТЫНУ БОЙЫНША АСЫП КЕТЕДІ, БІРАҚ ҚАЗ ЕТІНІҢ ДӘМІ, САПАСЫ МЕН ПАЙДАЛЫ ҚАСИЕТТЕРІ ТАУЫҚ ЕТІНЕН АСЫП ТҮСЕДІ.

Қаз жұмыртқасының мөлшері тауықтың жұмыртқасынан үлкен және дәмі онша емес, ал ұзақ уақыт бойына өртүрлі аурулардан емдейтін құс майының пайдасы туралы көп айтуға болады. Міне бүгінде дәл осындай құс шаруашылығымен соның ішінде қаз шаруашылығын бизнеске айналдырып отырған азаматтарымыз да біздің ауданымызда көбейіп келеді. Солардың бірі Шолпан Дәукен. «Бастау бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарын оқып, «Атамекен» бағдарламасы аясында 505 мың теңге қайтарымсыз грант ұтып алып, қаз шаруашылығын дамыту кәсібін қолға алды. Жас болса да, осы кәсіпті бастап, құс шаруашылығын дамытпақшы. Жалпы саны 80 қаз алды. Оның ішінде 70-і Тамбовский тұқымды қаз болса, қалған оны Линда қазы. Ол осы қаздардан балапан бастырып шығарып, солардың жұмыртқасынан пайда көрмекші. Сол үшін арнайы инкубатор сатып алған. Балапандарды бағу қаздарды бағумен салыстырғанда қарапайым үдеріс. Бұл қаздардың жұмыртқасының салмағы 200 грамм, бұл тауықтардың жұмыртқасына қарағанда үш есе үлкен болады екен.

Бұл еңбекті көп қажет етеді және қаз балапандарын бағуда барлық ұсақ-түйек пен бөлшектерді ескеру керек. Қаз жұмыртқаларын сақтау температурасы - + 8 -18 градус. Егер жұмыртқалар ұзақ уақыт далада жатып қалса, оларды инкубаторға салмас бұрын бөлмелік температурада қыздырып алған дұрыс. Бұл қаздардың бап-күтімі өте ерекше. Кейбірі қысқа төзімді болса, кейбірі ыстыққа шыдамды екен. Әрине, біреудің табысын санау әбестік. Дегенмен, «Бастау – бизнестің» басты мақсаты – халықтың кәсіпкерлікке оқыту арқылы табыс табуға баулу. Ал, жас кәсіпкердің жұмысын насихаттау үшін табысы туралы айтпай кетуге тағы болмайды. Өйткені, қаздың бір дана жұмыртқасы базарда 500 теңге екенін ескерсек, жұмыртқасын сатса да, біраз табыс қа кенелуге болады. Ал,бір қаз жылына кемі 25-30 жұмыртқа туады. Ал, инкубатордан шыққан балапанның құны – 1300-1500 теңге. Демек, қаз бағу арқылы да кәсіптің «қанатын жаюға» болады.

Елімізде әрі дәмді, әрі адам ағзасына өте пайдалы құс етіне деген сұраныс өте жоғары. Сондықтан, қаз өсіру анағұрлым тиімді, әрі жеңіл кәсіп. Ал, қаз суыққа төзімді, жемазықты да көп талап етпейді, жылдам жетіліп, тез оңалады. Елімізде қаз етіне деген сұраныстың тұрақты болуы, оны сату кезінде де еш қиындық туғызбайды.

Әсел СИСЕНОВА, Ойыл селосы.

ҚҰРМЕТТІ ОЙЫЛДЫҚТАР ЖӘНЕ АУДАН ҚОНАҚТАРЫ!
СІЗДЕРДІ «16 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ» МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ СЕЛОСЫНДА ӨТЕТІН МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАРҒА ШАҚЫРАМЫЗ!

№	Іс-шараның атауы	Өтетін мерзімі	Өтетін орны
1.	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиындар	9-15 желтоқсан аралығы	Аудандық мәдениет үйі мен барлық ауылдық клубтар
2.	Мемлекеттік қызметке жаңадан кіріскен мемлекеттік өкімшілік қызметшілердің ант қабылдау рәсімдері	9-15 желтоқсан аралығы	Аудандық өкімшілік және ауылдық округ өкімшіліктері
3.	Көмекке мұқтаж, жалғыз басты қарттарға қолдау көрсету мақсатында құттықтаулар жеткізу	9-16 желтоқсан аралығы	Барлық ауылдық округтердегі жалғыз басты қарттардың үйлері
4.	Тұрмысы төмен, көмекке мұқтаж адамдарға қолдай көмек көрсету мақсатында ерікті жастардың қатысуымен өтетін «Асар», «Үмей», «Қамқорлық» акциялары	9-16 желтоқсан аралығы	Ауданның әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарының үйлері
5.	Тәуелсіздік күніне арналған апталық	9-16 желтоқсан аралығы	Ойыл аграрлық колледжі
6.	Мерекеге орай «Елімнің еркіндігі тәуелсіздік» атты тақырыптық көрме	12-16 желтоқсан сағат 9.00-18.00	Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі
7.	«Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» атты тарихи кеш	12 желтоқсан сағат: 11.00	Аудандық орталық кітапхана
8.	«Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» атты мәдени шара	12 желтоқсан сағат: 16.00	«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы
9.	«Тәуелсіз елім - Қазақстаным» атты мәдени шара	13 желтоқсан сағат: 10.00	Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі
10.	Тәуелсіздік күніне арналған «Жаппай Көкпардан» Ұлттық спорт ойыны	13 желтоқсан сағат: 10.00	Бәйге алаңы
11.	«Тәуелсіздік- ел мұраты» әдеби сазды кеш	13 желтоқсан сағат: 11.00	Аудандық орталық кітапхана
12.	16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне орай еркін күрестен жасөспірімдер арасындағы аудан біріншілігі	13 желтоқсан сағат: 11.00	Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі
13.	«Тұғыры биік – Тәуелсіздік» тақырыбында салтанатты жиын және мерекелік концерттік бағдарлама: - Мерекелік құттықтаулар мен марапаттау рәсімі	13 желтоқсан сағат: 16.00	Аудандық мәдениет үйі
14.	Шаруа қожалықтар мен кәсіпкерлерді тарта отырып, халыққа қолжетімдік бағамен ұсынылатын ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі	14 желтоқсан сағат: 9.00-13.00	Аудан орталығындағы «Көкжар» жәрмеңкесінің сауда қатарлары
15.	Тәуелсіздік күніне орай жастар арасында волейбол жарысы	14 желтоқсан сағат 10.00	Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі
16.	Түнгі кітапханада ««Жалында жастық шақ!» атты «Жас қалам» қызығушылық клуб мүшелерінің поэзия кеші	14 желтоқсан сағат: 19.00	Аудандық орталық кітапхана
17.	«Тәуелсіздік-мәңгілік елдің тұғыры» атты студенттермен және жоғарғы сынып оқушылармен кездесу	15 желтоқсан сағат 20.00	Ойыл ауылы, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы
18.	«Тәуелсіздік – Тұғырым» атты мерекелік концерт	16 желтоқсан сағат: 10.00	Аудандық мәдениет үйінің директоры
19.	Ойыл ауылындағы 12 пәтерлік 6 тұрғын-үйдің кілттерін салтанатты табыстау рәсімі	16 желтоқсан сағат: 10.00	Аудан орталығы
20.	Аудан орталығындағы білім беру мекемелерінде мереке күндері спорт залдарда оқушылар мен студенттер арасында спорттық ойындар	16-17 желтоқсан сағат. 10.00	Аудан орталығы
21.	«Тәуелсіздіктің жастары жырлайды» атты қойылым	16 желтоқсан сағат: 20.00	Аудандық мәдениет үйі
22.	16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай жастарға арналған кафе-бар	17 желтоқсан сағат: 20.00	Ойыл ауылы, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы

ЖАС ДЗЮДОШЫЛАРДЫҢ ЖЕҢІСІ

Дзюдо - жекпе-жектің әлемдегі ең танымал түрі. Олимпиадалық спортқа ойылдықтардың да құштарлығы күшейіп келеді. Соның күәсі – соңғы кездегі балаларымыздың жетістігі. Қараша айында Атырау облысында дзюдодан Халық батыры Исатай Тайманұлының жүлдесіне арналған дәстүрлі республикалық турнирі өтт

Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінен де команда қатынасып келді. Қара көбейтіп, тек қатынасып қайтқан жоқ. Атыраудың татамиінде Ойылдан барған алты балғын палуанның үшеуі финалға шығып, жүлдеге қол созды. Яғни, Бейбіт Қажымұқанқызы мен Абылайхан Мерекеұлы жарыстың күміс медалын иеленсе, Дияс Асхатұлы алтыннан алқа тағынды. Сонымен қатар, 1 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесіне орай Ақтөбе қаласында өткен жарыста да ойылдықтардың мерейі үстем болды. Атап айтсақ, Темірлан Тоқаш пен Диас Асхатұлы II-орынға ие болса, Асланбек Жеңісұлы жеңімпаз атанды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ойыл ауданы бойынша кірістер басқармасы, салық төлеушілерді ақпараттандыру және халықпен кері байланыс тәсілдерін кеңейту мақсатында «Egov.kz» порталында (https://egov.kz/cms/ru) «Көлік құралдарына салық» мәселелері бойынша виртуалды көмекші іске қосылды, сонымен қатар ұқсас түсіндірме ақпараттарды «Telegram» (https://t.me/Kenes1414Bot), «Vkontakte» (https://vk.com/egovkz), «Facebook» (https://www.facebook.com/egovkz) мессенджер арқылы алу мүмкіндік бар.

Ойыл ауданы бойынша кірістер басқармасы

Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы және Ойыл қазақ орта мектебінің бастауыш кәсіподақ ұйымы Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі Ақкереев Арсельге атасы

Саржігітов Ақкерейдің

қайтыс болуына байланысты ағайын тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Саралжын дәрігерлік амбулаториясының мейірбикесі Теміралина Жұмағүлге бауыры

Ерболаттың

қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Асылбеков Айбек және мейірбике Баймұханова Лизаға бауырлары

Айтуардың

қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.